АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ
«КӨКШЕТАУ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК

«1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС: МАҢЫЗЫ МЕН САЛДАРЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫСУЫМЕН ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖИНАҒЫ



СБОРНИК РАБОТ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ С МЕЖДУНАРОДНЫМ УЧАСТИЕМ НАУЧНО – ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «НАЦИОНАЛЬНО – ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ 1916 г.: ПОСЛЕДСТВИЕ И ЗНАЧЕНИЕ»

КӨКШЕТАУ – 2026

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ
«КӨКШЕТАУ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК

«1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС: МАҢЫЗЫ МЕН САЛДАРЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫСУЫМЕН ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК РАБОТ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ С МЕЖДУНАРОДНЫМ УЧАСТИЕМ НАУЧНО – ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «НАЦИОНАЛЬНО – ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ 1916 г.: ПОСЛЕДСТВИЕ И ЗНАЧЕНИЕ»

КӨКШЕТАУ – 2026

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Б94
Кокшетауский высший медицинский колледж
«1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс: маңызы мен салдары» атты республикалық халықаралық қатысуымен ғылыми – практикалық конференцияның жинағы»
ISBN 978-601-08-6590-7

Рецензенттер:
Тарих ғылымдарының кандидаты Р.М.Джаниева
Гуманитарлық пәндерінің магистрі З.К.Иткусова

Жалпы редакциясын басқарған: оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы З.К.Иткусова
Техникалық редакторы: Д. Бақытжанұлы
Редакция алқасының мүшелері: Р.К.Сапиева, Б.С. Куандыкова

«1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс: маңызы мен салдары» атты республикалық халықаралық қатысуымен ғылыми – практикалық конференцияның жинағы»= сборник материалов Республиканской с международным участием научно-практической конференции «Национально – освободительное движение 1916 г.: последствие и значение», посвященной 110-летию этого восстания. – Көкшетау 2026 г.

«Көкшетау жоғары медициналық колледжі» МКҚК, 2026 ж. – Қазақша, орысша, ағылшынша

Жинаққа «1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс: маңызы мен салдары» атты республикалық халықаралық қатысуымен ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енді. Жинаққа Қырғызстан және Қазақстанның тарихына қызығушылығын танытатын азаматтарға арналған.

В сборник вошли материалы республиканской с международным участием научно-практической конференции «Национально – освободительное движение 1916 г.: последствие и значение». Сборник представляет интерес для всех интересующихся историей Кыргызстана и Казахстана.

ISBN 978-601-08-6590-7

© «Көкшетау жоғары медициналық колледжі» МКҚК, 2026

Қазақстандағы 1916-жылғы ұлт-азаттық қозғалысы

Конторская Александра, Жолымбетова Аяулым

Кабиева Айнур Айдаровна

Көкшетау жоғары медициналық колледжі

Көтерілістің басталуына себепші болған факторлар

1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы

Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 жас арасындағы 500мыңнан астам ер адамдарды қара жұмысқа алу

1916 жылғы 12 тамыздағы Генерал-губернатор Куропаткиннің құпия бұйрығы

Көтерілістің ең негізгі себебі:

Ұлттық және әлеуметтік езгінің халықтың кегін қайнататын деңгейге жетуі

Отаршылдық

Туған елдің талануы;

Жерлерінен айырылуы

Генерал-губернатор Куропаткиннің 1916 жылғы 23 тамыздағы құпия бұйрығы әскерге шақырудан босатылғандар;

Лауазымды тұлғалар

Төменгі полиция шендері

Студенттер

Имамдар

Молдалар

Мүдәрістер

Көтерілістің алғышарттары

Жер мәселесі(құнарлы жерлерді озбырлықпен тартып алынуы)

Қоныстандыру саясаты

Христиан дінін енгізу

Соғыс салығының енгізілуі

Ірі көлемде мал мен киіз үйлер майданға алынды

Әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тіл және мәдениетке қысым көрсету Көтерілістің негізгі қозғаушы күші

Шаруалар мен қолөнершілер және қазақ жұмысшылары,жетекші күші,демократиялық интеллигенция өкілдері мен байлар,болыс басқарушылары

Көтерілістің ірі ошақтары;

Торғай, Жетісу, Ақмола

Көтерілістің басшылары

Жетісуда: Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, А.Қосақов

Торғайда: А.Иманов, Ә.Жангелдин, Ә.Жанбосынов, К.Көкімбайұлы

Басқа ұлт өкілдерінің қатысуы

- И. Долматов және Д. Федотов қырғыздарды бұратаналардың тізімін шығармауға шақырды.
- Жетісуда Демко, П. Аркадьев т.б. көтеріліске қатысушыларды үйлерінде жасырды.
- Торғайда Н. Кротов соғыс ісі шеберлігін үйретті.
- Е. Курев Қарқарадағы көтерілісшілердің штабын ұйымдастырды.
- С. Вербицкая көтерілісшілер қатарында шайқасты.
- С. Ужгин «Қарабалықтағы оқиғалар» атты прокламацияда көтерілісті тоқтатпауға шақырды.

Көтеріліске қатысушы зиялылар екі топқа бөлінді

Либерал-демократиялық бағытты ұстанған зиялы қауым мүшелері: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов. Патша үкіметімен парасатты ымыраластық тәсіл жүргізуді, халықтың амандығын және оның этностық тұтастығын сақтау идеясын бірінші орында ұстанды.

Революцияшыл-демократияшыл зиялылар өкілдері: Т. Рысқұлов, Т. Бокин, Ә. Майкотов, С. Сейфуллин, Ә. Жангелдин, С. Меңдешев.Қарулы күрес жолын таңдады.

Жетісудағы көтеріліс

1916 жылғы шілде-тамызда Жетісу облысындағы қарулы көтеріліс бұқаралық сипат алды. Жетісу облысының генерал-губернаторы Фольбаум ұлтаралық қақтығыстар туғызу үшін арандату шараларын қолданды:

1. Қоныстанушылар ауылдарындағы орыс кулактарын қаруландырды. Қапал, Лепсі, Жаркент, Пржевальск уезд бастықтарынан жергілікті халыққа ойран салуды ұйымдастыруды талап етті.
2. Қырғыздардың топтасып, бас қосуын бүлік деп санап, басып-жаншыды.
3. Көтеріліс басшыларын тұтқындап, дала сотына беріп, дереу дарға асуды ұйымдастырды.

Осыған қарамастан көтеріліс үдей түсіп, Шу өзені мен Ыстықкөлге жақын бүкіл аймақты қамтыды. 10 мыңнан астам қырғыз және қазақ көтерілісшілері Токмақты қоршады.

Жаркент уезінде көтерілісшілер мен жазалау отрядтары арасында күш тең емес шайқастар болды. Революцияның ірі ошақтарының бірі Қарқара аймағы болды. 5 мың көтерілісші Қарқара жәрмеңкесін қоршап, Кравченконың жазалау отрядтарын талқандады.

1916 жылы 11 тамызда Лепсі уезінде Масловтың жазалаушы отрядтары 220-ға жуық көтерілісшіні оққа ұшырды.

Жетісудағы көтеріліс басшыларының бірі Т. Бокин үгіт жұмысына басшылық етіп, соғыстың халыққа қарсы сипатын түсіндірді. Ол феодалдық топтың сатқындық рөлін әшкерелеп, патша жарлығын орындамауға шақырды. 1916 жылы тамызда революциялық қызметі үшін қамауға алынып, түрмеде Ақпан төңкерісіне дейін отырды.

Жетісудағы көтерілісті басу үшін патша үкіметі жазалау экспедициясын жіберді. Оның құрамында 14 батальон, 33 жүздік, 42 зеңбірек, 97 пулемет болды. Жетісу көтерілісшілері патша әскеріне табандылықпен қарсылық көрсетті, бірақ күш тең болмағандықтан жеңілді.

Көтеріліс жетекшілерінің бірі Бекболат Әшекеев 1916 жылы 9 қыркүйекте жазалаушылар тарапынан Боралдай асуында дарға асылды.

Сөйтіп, 1916 жылғы қазан айында Жетісу көтерілісі талқандалды.

Торғайдағы көтеріліс:

Торғай облысындағы көтеріліс ең бұқаралық, ең ұзаққа созылған, ең табанды және билік бір орталықтан жүргізіліп, ұйымдасқан көтеріліс болды. Бұл Торғайдағы көтерілістің ерекшелігі еді. Көтеріліс барлық уездерді: Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай уездерін қамтыды. Облыста көтеріліс қамтымаған ауыл немесе елді мекен болмады. Көтеріліске, сондай-ақ Сырдария, Ақмола, Семей облыстарының көтерілісшілері де қатысты. Көтерілісшілер поштаға шабуыл жасады, темір жол табанын бұзып, болыс басқармаларын ойрандады, болыстарды өлтірді. Көтеріліс бүкіл облысты қамтыды. 1916 жылы Торғайда болған көтеріліске жұрт арасында танымал халық қаһарманы Амангелді Иманов басшылық етті.

1916 жылы 22 қазанда Амангелді басшылығымен 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршады. Оған қарсы генерал А.Д. Лаврентьевтің 9 мың адамдық жазалаушы тобы жіберілді. Қ. батыры Амангелді Иманов басшылық етті.

Салдары:

- 3 мың адам жауапқа тартылды, оның 201-і өлім жазасына кесілді.
- 161-і каторгаға айналды.
- Жүздеген ауылдар тоналып, өртенді, жазықсыз адамдар атылды.

Көтерілістің тарихи маңызы

- Қазақ халқының революциялық таптық сана-сезімі өсті;
- Қазақстан халықтары ұлттық мүдделерінің ортақтығын ұғынды;
- Қозғалыс барысында үкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды;
- Ресей империясындағы азаматтық күрестің шарқтау шегі болды.

Қорытынды

Әлихан Бөкейханов: «Қазақ қырғыз осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекке қандай ел екенін білдірді... Алыспаған,

жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына, басына да ие болмайды»

Шын мәнінде, 1916 жыл XX ғасырдың соңында қазақ халқының қолы жеткен саяси тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттігі үшін күрестің бір белесі болып тарихта өз орнын алды.

1916 жылғы көтеріліс және ел тәуелсіздігі

Тупенова Айнур

Кабиева Айнур Айдаровна

Көкшетау жоғары медициналық колледжі

1916 жылы 25 маусымда Ресей императоры II Николайдың жарлығы шықты. Жарлық бойынша Қазақстан, Орта Азия және басқа да аймақтардағы 19–43 жастағы ер адамдарды майданның тыл жұмыстарына алу көзделді. Олар қорғаныс құрылыстарын, әскери жолдар мен басқа да тыл нысандарын салуға жұмылдырылуы тиіс болды.

Бұл жарлық халық наразылығын күшейтіп, көтерілістің басталуына тікелей түрткі болды.

Көтерілістің себептері

Көтерілістің негізгі себептері:

- қазақ жерінің Ресей империясы тарапынан тартып алынуы;
- қоныс аудару саясатының күшеюі;
- жергілікті халыққа салынатын салықтардың көбеюі;
- Бірінші дүниежүзілік соғыстың халық тұрмысына ауыр әсер етуі;
- ұлттық және әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі;
- отарлық басқару жүйесінің халыққа қысымы;
- қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының әлсіреуі

Көтерілістің мақсаты

Көтерілістің негізгі мақсаттары:

• патшалық отарлық саясатқа қарсылық көрсету;

• жерді қорғау;

• халықтың құқықтарын қорғау;

• тыл жұмыстарына адам алуға қарсылық білдіру;

• ұлттық және саяси еркіндікке ұмтылу.

Көтерілістің жалпы сипаты ұлт-азаттық сипатта болды.

Көтерілістің басталуы

1916 жылдың шілде айының басында Қазақстанның көптеген аймақтарында наразылықтар басталды. Алғашында халық тізім жасаушыларға және жергілікті әкімшілікке қарсылық көрсетті. Кейін қозғалыс қарулы көтеріліске ұласты.

Көтерілістің ең ірі орталықтары:

- Жетісу облысы
- Торғай облысы

Сонымен қатар көтеріліс Қазақстанның басқа өңірлерін де қамтыды.

Жетісудағы көтеріліс

Жетісуда көтеріліс 1916 жылдың жазында күшейді. Негізгі жетекшілерінің қатарында:

• Бекболат Әшекеев

• Ұзақ Саурықов

• Жәмеңке Мәмбетов

• Тоқаш Бокин болды.

Патша үкіметі көтерілісті басу үшін Жетісуға әскери күштер жіберді. Көтеріліс қатал түрде басылды. Көптеген қазақ және қырғыз отбасылары Қытайға өтуге мәжбүр болды.

Торғайдағы көтеріліс

Торғайдағы көтеріліс қозғалыстың ең ұзақ әрі ұйымдасқан орталықтарының бірі болды.

Негізгі басшылары:

- Амангелді Иманов
- Әбдіғапар Жанбосынов
- Әліби Жангелдин

Амангелді Иманов көтерілісшілердің әскери жасақтарын ұйымдастырды. Жасақтар ондық, жүздік, миңдік тәртіппен құрылып, әскери басқару жүйесі енгізілді.

Торғайдағы көтеріліс патша өкіметі құлағанға дейін жалғасты.

Көтерілістің жеңілуі

Көтерілісшілердің негізгі бөлігі нашар қаруланған еді. Ал патша үкіметінің әскері жақсы қаруланып, ұйымдасқан түрде әрекет етті. Жетісуда көтеріліс 1916 жылдың қыркүйек-қазан айларында негізінен жеңілді. Көптеген көтерілісшілер жазалаушы әскерден қашып, Қытайға өтуге мәжбүр болды. Торғайдағы қозғалыс ұзаққа созылып, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін тоқтады.

КӨТЕРІЛІСТІҢ САЛДАРЫ

1916 жылғы көтерілістің салдары өте ауыр болды:

- көптеген адам қаза тапты;
- халықтың бір бөлігі Қытайға босып кетті;
- қазақ ауылдары шаруашылық жағынан әлсіреді;
- халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлады;
- отарлық саясатқа қарсы ұлттық сана күшейді.

Жетісудан шамамен 300 мың қазақ пен қырғыздың Қытайға өтуге мәжбүр болғаны туралы деректер бар.

1916 жылғы көтеріліс және тәуелсіздік

1916 жылғы көтеріліс жеңіліспен аяқталғанымен, оның тарихи маңызы зор болды. Көтеріліс:

• халықтың ұлттық санасының өсуіне;

• отарлық саясатқа қарсы қарсылықтың күшеюіне;

• ұлттық бірлік пен еркіндік идеяларының таралуына;

• кейінгі ұлттық-саяси қозғалыстардың дамуына әсер етті.

Қорытынды

• 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс — қазақ халқының отарлық езгіге қарсы күресінің маңызды кезеңі.

• Көтеріліске жер мәселесі, әлеуметтік қысым, соғыс ауыртпалығы және 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлық себеп болды. Көтеріліс жеңіліске ұшырағанымен, халықтың ұлттық санасының өсуіне және тәуелсіздік идеясын сақтауға тарихи ықпал етті.

1916 жылғы Торғай көтерілісі және қазақ халқының ұлттық санасының оянуы, Тәуелсіздікке қадам.

Жалғасбай Гүлсін Ерсінқызы

Жанажанова Айым Аманқызы

Арқалық медицина колледжі

1916 жылғы Торғай өңіріндегі ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресінің тарихындағы ең ұйымдасқан және бұқаралық сипат алған оқиғалардың бірі болып саналады. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл көтерілісті тек қарулы қарсылық ретінде емес, ұлттық сананың оянуы мен ұлттық бірегейліктің қалыптасуы тұрғысынан зерттеу ерекше өзектілікке ие.

Торғай көтерілісін ұлттық сананы оятудың маңызды кезеңі ретінде қарастыру, Амангелді Иманов пен Әбдіғапар Жанбосынов бастаған қозғалыстың халықты біріктіру, хандық билік институтын жаңғырту әрекеттері және кейінгі Алаш қозғалысы мен тәуелсіздік идеяларымен сабақтастығын ғылыми тұрғыдан негіздеу. Бұрынғы кеңестік тарихнамада көбінесе таптық күрес ретінде бағаланған оқиғаны ұлттық-саяси азаттық күресі ретінде қайта бағалау маңызды.

1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы қазақ даласындағы отарлық езгінің шырқау шегі болды. Жарлық бойынша 19–43 жас аралығындағы «бұратана» ер азаматтар майданның тыл жұмыстарына шақырылды. Бұл шара жерді тартып алу, салықтардың артуы, орыстандыру саясаты және Бірінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығымен ұштасып, халықтың наразылығын күрт күшейтті.

Торғай облысы көтерілістің ең ірі және ұйымдасқан ошағына айналды. Мұндағы қозғалыс стихиялық наразылықтан басталып, бір орталықтан басқарылатын әскери-саяси күреске ұласты. Дәл осы ерекшелік Торғай көтерілісін қазақ халқының ұлттық санасын оятудағы шешуші факторға айналдырды.

Торғай уезінде көтеріліс 1916 жылдың жазында басталды. Халық арасынан Әбдіғапар Жанбосынов хан болып сайланды, ал Амангелді Үдербайұлы Иманов сардарбек (бас қолбасшы) міндетін атқарды. Амангелді Иманов көтерілісшілерді ондық, елулік, жүздік және мыңдыққа бөліп, тәртіпті әскери құрылым құрды. Арнайы мергендер бөлімшесі ұйымдастырылды. Көтеріліс шыңында оның қарамағында шамамен 50 мың жауынгер болды.

1916 жылғы 22 қазанда Амангелді бастаған 15 мыңға жуық көтерілісші Торғай қаласын қоршауға алды. Қоршау бірнеше күнге созылды. Кейін партизандық күрес әдістеріне көшіп, Бетпаққара даласында жазалаушы отрядтарға қарсы тұрды. Көтеріліс Торғай, Ырғыз, Ақтөбе және Қостанай уездерін түгелге жуық қамтыды.

Бұл ұйымдасқан сипат – хандық билікті қалпына келтіру әрекеті, орталықтандырылған басқару және әскери тәртіп – қазақ қоғамындағы ұлттық

сананың жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Халық тек жеке мүдде үшін емес, ортақ ұлттық мақсат үшін бірікті.

Ұлттық сананың оянуындағы рөлі

1916 жылғы Торғай көтерілісі қазақ халқының ұлттық санасын оятуда бірнеше маңызды рөл атқарды:

1. Ұлттық бірлікті нығайту. Әртүрлі рулар (қыпшақ, арғын т.б.) мен әлеуметтік топтар бір ту астында топтасты. Бұл – Кенесары Қасымұлынан кейінгі тұңғыш жалпыұлттық сипаттағы қозғалыс болды.

2. Саяси сананың өсуі. Халық патша жарлығына қарсы шығумен ғана шектелмей, өз билігін (хан сайлау) орнатуға, әскери құрылым құруға ұмтылды. Бұл – ұлттық мемлекеттілік идеясының бастапқы көрінісі еді.

3. Отаршылдыққа қарсы ұлттық ұстанымның қалыптасуы.

Көтеріліс отарлық саясаттың барлық түрлеріне (жерді тартып алу, мәжбүрлі жұмысқа алу, орыстандыру) қарсы бағытталды. Халық өз құқықтарын қорғау қажеттілігін түсінді.

4. Кейінгі қозғалыстарға негіз қалау. Торғай көтерілісінің тәжірибесі Алаш қозғалысының қалыптасуына, ұлттық интеллигенцияның белсенділігіне және 1917 жылдан кейінгі автономия идеяларына ықпал етті. Ұлттық сананың оянуы 1991 жылғы тәуелсіздікке дейінгі ұзақ тарихи процестің маңызды бөлігі болды.

Көтеріліс барысында туған жыр-толғаулар, халық әдебиеті де ұлттық сананы нығайтуға қызмет етті. Амангелді батыр тұлғасы ұлттық батыр идеалына айналды.

Теориялық тұрғыдан зерттеу барысында ұлт-азаттық қозғалыстар теориясын, ұлттық бірегейліктің қалыптасу механизмдерін және отаршылдыққа қарсы күрестің сабақтастығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ол қазақ тарихнамасындағы ұлттық сана эволюциясын зерттеуге үлес қосады.

Ұлттық бірегейлікті нығайту және тарихи сананы қалыптастыру. Торғай көтерілісінің тәжірибесі қазіргі мемлекеттілік пен егемендікті қорғаудың тарихи негіздерін көрсетеді.

Тәуелсіздікке қарай тарихи қадам

Торғай көтерілісі тәуелсіздікке апарар жолдың маңызды буыны болды:

• **Алаш қозғалысына негіз.** 1916 жылғы оқиғалар ұлттық интеллигенцияны саяси белсенділікке итермеледі. Алаш қайраткерлері халықтың оянған санасын ескеріп, 1917 жылы Алаш Орда автономиясын жариялауға ұмтылды. Көтеріліс ұлттық автономия идеясын күшейтті.

• **Мемлекеттілік идеясының пісіп-жетілуі.** Хандық билікті жаңғырту әрекеті мен орталықтандырылған басқару тәжірибесі кейінгі ұлттық мемлекет құру ұмтылыстарына практикалық негіз берді.

• **Тарихи сабақтастық.** 1916 → 1917–1920 (Алаш) → Кеңестік кезеңдегі ұлттық құрылыс → 1991 жылғы Тәуелсіздік. Торғай көтерілісі осы ұзақ процестің бастапқы және маңызды кезеңі ретінде бағаланады. Ол қазақ халқының бостандыққа деген ұмтылысының үздіксіздігін дәлелдеді.

Осылайша, 1916 жылғы Торғай көтерілісі тек бір жылдың оқиғасы емес, тәуелсіздікке қарай жасалған тарихи қадам болды.

Қорытынды

1916 жылғы Торғай көтерілісі қазақ халқының ұлттық санасының оянуындағы маңызды бетбұрыс болды. Амангелді Иманов пен Әбдіғапар Жанбосынов бастаған қозғалыс халықты біріктіріп, ұлттық мемлекеттілік идеясының негізін қалады. Ол тек қарулы қарсылық емес, ұлттық сананың жаңа деңгейге көтерілуінің айқын көрінісі еді. Бұл тарихи оқиғаны зерттеу тәуелсіз Қазақстанның рухани негіздерін тереңірек түсінуге және болашақ ұрпаққа ұлттық рухтың үлгісін беруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қаһарлы 1916 жыл» Ю.И.Романов, Ж.Б.Сулейменов. 1998 ж.

2. Уикипедия және ғылыми мақалалардағы мәліметтер (Амангелді Иманов, Әбдіғапар Жанбосынов).

3. «Торғай көтелісі» Әбдіғалиұлы Б. 2016 ж.

1916 жылғы көтеріліс және ел тәуелсіздігі

Ақтаубай Жанель

Досай Аяжан Амандыққызы

Атырау жоғары медициналық колледжі

1. Аңдатпа

«1916 жылғы көтеріліс және ел тәуелсіздігі» тақырыбы қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің маңызды кезеңін сипаттайды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы туған халық наразылығы болды. Көтеріліс барысында қазақ халқы жерін, елдігін және бостандығын қорғау үшін күресті. Бұл тарихи оқиға халықтың ұлттық санасының өсуіне ықпал етіп, кейінгі тәуелсіздік идеясының қалыптасуына негіз қалады. Баяндамада көтерілістің себептері, негізгі ошақтары, тарихи маңызы және оның Қазақстан тәуелсіздігімен байланысы қарастырылады. Тірек сөздер: өлкетану, Атырау, пәнаралық байланыс, тарих, мәдениет, білім беру, патриотизм.

2. Кіріспе

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс — қазақ халқының отаршылдық саясатқа қарсы бағытталған ең ірі тарихи қозғалыстарының бірі. Бұл көтеріліс қазақ халқының еркіндікке, тәуелсіздікке және ұлттық бірлікке деген ұмтылысын айқын көрсетті. XX ғасырдың басында патша үкіметі қазақ жерін жаппай отарлап, шұрайлы аймақтарды қоныс аударушыларға бере бастады. Халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеп, жер мәселесі күрделене түсті. Осындай әділетсіздік халық арасында наразылықтың күшеюіне алып келді.

1916 жылғы 25 маусымдағы патшаның тыл жұмысына адам алу туралы жарлығы көтерілістің басталуына тікелей себеп болды. Бұл жарлық бойынша қазақ жастары майданның қара жұмысына алынуы тиіс еді. Халық бұл шешімді отарлық қысымның күшеюі деп қабылдап, жаппай қарсылық көрсетті. Соның нәтижесінде Қазақстанның көптеген өңірлерінде көтеріліс ошақтары пайда болды.

Зерттеудің басты мақсаты — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шығу себептерін, тарихи маңызын және оның Қазақстан тәуелсіздігі жолындағы рөлін жан-жақты талдау. Сонымен қатар көтерілістің қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуына әсерін анықтау көзделеді.

Зерттеудің өзектілігі - 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің маңызды кезеңі болып табылады. Көтерілістің тарихи маңызын зерттеу ел тәуелсіздігінің бастауларын түсінуге және жастардың патриоттық санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің жаңалығы - зерттеу жұмысында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің Қазақстан тәуелсіздігіне әсері тарихи деректер негізінде қарастырылып, көтерілістің ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуындағы рөлі талданды. Сонымен қатар көтеріліс идеялары мен тәуелсіздік құндылықтарының өзара байланысы көрсетіліп, олардың қазіргі жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудегі маңызы айқындалды. Зерттеу барысында көтерілістің тарихи мұрасы тәуелсіз Қазақстанның дамуымен сабақтастырыла қарастырылды.

Зерттеу нысаны - ретінде Қазақстан аумағындағы 1916 жылғы көтеріліс, оның негізгі ошақтары, жетекшілері және халықтың азаттық жолындағы күресі қарастырылады. Әсіресе Торғай мен Жетісу өңірлеріндегі көтерілістің ерекшеліктеріне назар аударылады.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау, деректерді жинақтау, жүйелеу және қорытындылау әдістері қолданылды. Сонымен қатар тарихи құжаттар мен ғылыми әдебиеттерге талдау жасалып, көтерілістің тарихи маңызы айқындалды.

Осылайша, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл тарихи оқиға халықтың еркіндікке деген рухын көтеріп, болашақ тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына үлкен әсер етті.

3. Негізгі бөлім

1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шығу себептері

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталған ірі тарихи қозғалысы болды. Көтерілістің шығуына бірнеше әлеуметтік, экономикалық және саяси себептер әсер етті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясы қазақ жерін толықтай отарлауды күшейтті. Қазақ халқының шұрайлы жайылымдары мен егіндік жерлері тартып алынып, Ресейден келген қоныс аударушыларға берілді. Соның салдарынан жергілікті халық жер тапшылығына ұшырап, көшпелі шаруашылықтың жағдайы нашарлады.

Патша үкіметі қазақ халқына ауыр салықтар салды. Әртүрлі міндеткерліктер көбейіп, халықтың тұрмысы төмендей түсті. Сонымен қатар қазақ халқының саяси құқықтары шектеліп, жергілікті басқару жүйесі патша әкімшілігінің бақылауына өтті. Болыстар мен ауыл старшындары патша үкіметінің саясатын жүзеге асырып, қарапайым халыққа қысым көрсетті. Осындай әділетсіздіктер халық арасында наразылықтың өсуіне себеп болды.

Көтерілістің басталуына тікелей әсер еткен оқиға — 1916 жылғы 25 маусымдағы II Николай патшаның жарлығы еді. Бұл жарлық бойынша Қазақстан мен Орта Азия халықтарының 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтары Бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарының тыл жұмысына алынуы тиіс болды. Халық бұл шешімді үлкен қорлық және әділетсіздік деп қабылдады. Себебі қазақтар соғысқа қатыспаса да, ауыр қара жұмысқа мәжбүрленді.

Патша үкіметінің бұл жарлығы халықтың ашу-ызасын күшейтіп, ел ішінде жаппай қарсылық қозғалысын туғызды. Ауылдарда тізім жасауға қарсы шыққан халық болыс кеңселеріне шабуыл жасап, патша шенеуніктеріне бағынудан бас тартты. Қазақ халқы елдің тәуелсіздігі мен жерін қорғау үшін күреске көтерілді. Осылайша 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс бүкілхалықтық сипатқа ие болды.

2. Көтерілістің басталуы және негізгі ошақтары

1916 жылғы көтеріліс Қазақстанның көптеген аймақтарын қамтыды. Әсіресе Торғай, Жетісу, Сырдария, Ақмола және Семей облыстарында көтеріліс кең көлемде өрбіді. Халық патша үкіметінің әділетсіз саясатына қарсы шығып, қарулы түрде күрес жүргізді. Көтеріліс ауыл-аймақтарға тез таралып, оған

мыңдаған адамдар қатысты. Қазақ халқы еркіндік пен азаттық жолында бірігіп әрекет етті.

Торғай өңіріндегі көтерілісті Амангелді Иманов басқарды. Ол халық арасында беделді батыр болып, көтерілісшілердің басын біріктірді. Амангелді Иманов көтерілісшілерден арнайы жасақтар құрып, әскери тәртіп енгізуге тырысты. Торғайдағы көтеріліс ең ірі әрі ұзаққа созылған көтеріліс ошақтарының бірі болды. Көтерілісшілер патша әскерлеріне қарсы бірнеше рет шабуыл жасап, өздерінің батылдығын көрсетті.

Жетісу өңірінде көтерілісті Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов және Жәменке Мәмбетов сияқты халық батырлары басқарды. Бұл өңірде халықтың наразылығы өте күшті болды. Патша әскерлері көтерілісті басу үшін қатаң жазалау шараларын жүргізді.

Көтеріліске қарапайым шаруалар, кедейлер, қолөнершілер және жастар белсенді қатысты. Олар елдің тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығын қорғауды басты мақсат етті. Халық арасында бірлік күшейіп, азаттық идеясы кең тарала бастады. Осылайша көтеріліс бүкілхалықтық сипат алып, қазақ халқының отарлық езгіге қарсы күресінің айқын көрінісіне айналды.

3. Көтерілістің барысы

Көтеріліс барысында халық патша үкіметінің билік орындарына қарсы қарулы шабуылдар ұйымдастырды. Көтерілісшілер болыс кеңселерін басып алып, патша үкіметінің құжаттарын жойды. Сонымен қатар тыл жұмысына адам алу тізімдерін өртеп, патша жарлығына бағынудан бас тартты. Кейбір өңірлерде көтерілісшілер саны бірнеше мың адамға дейін жетті.

Көтерілісшілердің негізгі қарулары найза, қылыш, аңшылық мылтықтар және қарапайым еңбек құралдары болды. Соған қарамастан олар үлкен ерлік пен батылдық танытты. Халық арасында ерлігімен көзге түскен батырлар көп болды. Олар елдің азаттығы үшін жан аямай күресті. Көтерілісшілер кейбір жерлерде патша әскерлеріне елеулі қарсылық көрсете алды.

Патша үкіметі көтерілісті басу үшін жақсы қаруланған жазалаушы әскерлер жіберді. Әскерлер көтерілісшілерге қарсы қатал шаралар қолданып,

ауылдарды қоршауға алды. Көптеген бейбіт тұрғындар қаза тауып, ел үлкен шығынға ұшырады. Жазалаушы отрядтар халықты аяусыз жазалап, қазақ ауылдарын өртеді. Соның салдарынан халықтың тұрмысы бұрынғыдан да қиындай түсті.

Көтеріліс ұзақ уақытқа созылып, халықтың отарлық езгіге қарсы күшті қарсылығын көрсетті. Алайда көтерілісшілердің қару-жарағы жеткіліксіз болды және олардың арасында толық бірлік болмады. Патша үкіметінің әскери күші басым болғандықтан, көтеріліс біртіндеп жеңіліске ұшырады. Бірақ бұл қозғалыс қазақ халқының рухын көтеріп, азаттық жолындағы күреске үлкен серпін берді.

4. Көтерілістің тарихи маңызы

1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысын айқын көрсетті. Бұл қозғалыс халықтың ұлттық санасының өсуіне үлкен әсер етті. Қазақ халқы отарлық езгіге қарсы біріге алатынын дәлелдеп, ел бостандығы үшін күрес жүргізді.

Көтеріліс жеңіліске ұшырағанымен, оның тарихи маңызы өте зор болды. Ол кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстарға рух берді. 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының еркіндікке деген жігерін әлсіретпей, керісінше күшейтті. Кейінгі жылдардағы ұлттық қозғалыстар осы көтерілістің тарихи тәжірибесіне сүйенді. Бұл көтеріліс халық батырларының есімін тарихта қалдырды. Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев және басқа да батырлар ел қорғаудағы ерліктің үлгісіне айналды. Олардың батылдығы мен отансүйгіштігі бүгінгі ұрпаққа өнеге болып табылады.

Бүгінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Қазақстан тарихындағы ерлік пен батырлықтың символы ретінде бағаланады. Бұл тарихи оқиға тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына рухани негіз болды. Осылайша, 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің маңызды кезеңдерінің бірі болып қала береді.

4. Қорытынды

Қорыта келгенде, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс — қазақ халқының тәуелсіздік пен еркіндік жолындағы маңызды тарихи күрестерінің бірі болды.

Бұл көтеріліс патша үкіметінің отарлық саясатына, жерді тартып алуына және халыққа көрсеткен қысымына қарсы туған бүкілхалықтық қозғалысқа айналды. Қазақ халқы өз жерін, елдігін және ұлттық намысын қорғау үшін күрес жүргізді.

Көтеріліс барысында халық үлкен қиындықтар мен шығындарға ұшырағанымен, оның тарихи маңызы өте зор болды. 1916 жылғы қозғалыс қазақ халқының ұлттық санасының өсуіне ықпал етіп, тәуелсіздік идеясының қалыптасуына негіз қалады. Көтеріліс басшылары мен батырларының ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі болды.

Сонымен қатар бұл көтеріліс халықтың бірлігі мен азаттыққа деген ұмтылысын көрсетті. Қазақ халқы отарлық езгіге қарсы тұра алатынын дәлелдеп, болашақ тәуелсіздік жолындағы күрестерге рухани күш берді.

Осылайша, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі болып саналады. Бүгінде бұл көтерілістің тарихи маңызы жоғары бағаланып, халық батырларының есімі құрметпен аталады. Тәуелсіз Қазақстан үшін бұл оқиға елдің азаттығы мен ұлттық рухының символы ретінде ерекше орын алады.

5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы. (2018). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Атамұра» баспасы.

2. Қойгелдиев, М. (2017). Қазақстан тарихы: ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы. Алматы: «Санат» баспасы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2020). Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. (edu.gov.kz)

4. Wikipedia. (2026). 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Wikipedia. (kk.wikipedia.org)

5. Zharar.kz. (2026). 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және оның тарихи маңызы. (zharar.kz)

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс: өңіріміздегі көтеріліс

Тұрсынғалиева Әдемі

Турсынбеков Серик Задашулы

Өскемен жоғары медициналық колледжі

Қазақ даласының Ресей империясына қосыла бастаған уақытынан XX ғасырдың басына дейінгі әлеуметтік және саяси тарихында жергілікті халықтың отарлық езгіге қарсы күресі тарихтан өзіндік лайықты орын алды. Онда Шығыс Қазақстан осы теңдік жолындағы күрестің өзіндік орталығы бола білді. Ұзақ кезеңді қамтыған бұл наразылық аталған өңірдегі жергілікті халықтың 1916 жылдан басталған ұлт-азаттық соғысына ұласты.

Бүгінгі баяндамада 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың Шығыс Қазақстандағы барысы мен тарихи салдары қарастырылады. Менің ойымша, бұл оқиға-халқымыздың азаттық жолындағы ең маңызды әрі трагедиялық кезеңдердің бірі болды деп айтқым келеді.

1916 жылы Қазақстандағы жұмысшылардың, шаруалардың толқулары жаңа маңыз алды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың тоқырау кезеңіне енген Ресей үкіметінің шет аймақтарды тонау саясатына, осыған орай халықтың экономикалық құлдырауына орыс, қазақ еңбекшілері бірлескен ереуілдермен, қарулы қарсылықпен жауап берді. Осындай ұйымдасқан бас көтеру 1916 жылдың күзінде Семей қаласында орын алып, әскери қызметкерлердің әйелдері жергілікті үкіметке қарсы ереуіл ұйымдастырды. Ереуілдің басталуына азық-түлік тауарларының жетіспеуі мен қымбатшылығы себеп болды. Әскери қызметкер әйелдерінің бүлігінің ауқымдылығы сондай, ол желтоқсан айының ортасына дейін созылды. Әскери қызметкер әйелдерінің осы қарсылығы Семей қаласынан тыс аймаққа тез тарады. Тәртіпсіздік, сонымен қатар Долонск станицасында, Семей уезінің Семеновск, Грачевск және Өскемен уезінің Георгиевск селоларында болды [1]. 1916 жылдың 17 қарашасында қымбатшылыққа қарсы Зайсан уезінің әйелдері толқуға шықты [2].

Қазақ халқының осы қарулы бас көтеруі басқа аудандармен қатар қазіргі Шығыс Қазақстан өлкесін де кеңінен қамтыды. Оны мұрағат құжаттарынан кездесетін мына мәліметтерден көруге болады: «1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы кезінде Зайсан қаласында күйеулері, әкелері, балалары империялық соғыс майдандарына жіберілген әйелдердің бірінші батыл қарсылығы болды. Бұл қозғалыс Зайсан қаласындағы саудагерлердің дүкендерін, қоймаларын, сауда алаңдарын талқандау және өртеумен аяқталды. 1916 жылғы 7 қараша күні бүлікшілерді тоқтату, жазалау туралы ескерту-хабарламаны алған әскери губернатор жарлығымен жаппай тұтқындау басталды. М. Шаповалова, М. Суханова бастаған әйелдер мен кедейлердің бұл наразылығы еңбекшілердің әділетсіздікке қарсы қозғалысының бастамасы болды» [3].

Ал 1916 жылғы қазақ даласындағы халықтың қарулы көтерілісінің басталуына себеп – 1916 жылғы 25 маусымдағы патша үкіметінің Астрахань губерниясы, Сібір мен Орта Азия жергілікті тұрғындарын соғыс қимылдары аймақтарына қорғаныс құрылыстарын және окоп қазу жұмыстарына алу туралы жарлығы болды. Жарлыққа сәйкес 19-43 жас аралығындағы ер азаматтар міндетті түрде тыл жұмыстарына алынатын болды. Семей облысынан ғана 60000 адам тыл жұмыстарына алынуға тиіс болды [3]. Міне осы патша үкіметінің күтпеген жарлығы халықтың бірден ашу-ызасын тудырып, олардың жаппай қарсылығының басталуына әкеліп соқты.

«Қазақтарды тыл жұмыстарына алу туралы жарлық Семей облысына 29-шы маусым күні жетті. Өскемен одан ары Зайсан, Қарқаралы, Семей уездерінде толқулар бірден басталды. Көтерілістің ерекшелігі – көтеріліске өнеркәсіп орындары мен тау-кен орындарындағы жұмысшы қазақтар қосыла бастады» деп жазылған сол кездегі тарихи құжаттарда [1]. Атап айтқанда Риддер, т.б. өнеркәсіп орындарында жұмысшы қазақтар негізінен жұмыс орындарын тастап, көтерілісшілерге қосылды. 1916 жылдың 16 қазанында Семей көмір кенінің 55 шахтері, Ертіс өзені пароходтығының және Омск темір жолы қазақ жүк тиеушілері көтерілісшілерге қосылды [1].

Патша үкіметінің аталған жарлығына наразылық білдірген қазақтарға орыс жұмысшылары да өз ынтымақтастықтарын білдірді. Мысалы, Риддер зауыттары мен Екібастұз тау-кен орындарында қазақ, орыс жұмысшылары ереуілге шықты. Көптеген қазақ жұмысшылары ауылдарына тарап кетті. Бұл жағдайды ескерген Дала генерал-губернаторы Риддер акционерлік қоғамының сұрауымен 716 қазақты майдандағы тыл жұмысынан босатуға мәжбүр болды.

Алайда оған қарамастан жұмысшылар ереуілдері тоқтамады. Аталған зауыттың кеме шаруашылығында еңбек ететін матрос-қазақтар патша жарлығына қарсы ереуілге шығып, кеме шаруашылығының меңгерушісі Дала генерал-губернаторына 500 қазақ жұмысшыларын босатуға рұқсат беруді сұрауға мәжбүр болды [1]. Себебі Риддер зауыты бұл кезеңде қорғасын мен мырыш өндіретін Ресейдегі ірі кен орындарының бірінен саналып, оған жылына қорғаныс мақсатына 200000 пұт қорғасын өндіру тапсырылды [4]. Сондықтан да патша үкіметі қандай жағдаймен болсын аталған зауыт, тау-кен орны жұмысының тоқтамауына мүдделі болды.

Зайсан уезінің қазақтары Қытай арқылы жіберілген мылтықты қарулармен қаруланып, әр ауылдарда жасақтар құра бастады. Ал, шілде айының ортасынан бастап Көкпекті ауданында көтерілісшілер қолы жасақталып, жолдарға, елді-мекендерге бақылау орнатылды. Жергілікті халық жұмыстарын тастап, қарулана бастады. Осы кезде Өскемен уезі қазақтары да топталып, казактар мекендеген қоныстарды қоршай бастады. Мылтықпен, т.б. қарумен қаруланған қырғыз отрядтары орыстарды талқандап, бауыздаймыз деп қоқан-лоққы көрсетуде деп жазды Семей облыстық әскер губернаторы Ф. Ф. Чернцов [4].

«1916 жылғы, - деп жазылған мұрағат құжаттарында, - Омскіден жіберілген хабарламаға сай қырғыздардың ең көп жиналуы Зайсан уезінде болды (әрбіреуі 1000-нан асатын бірнеше топ), 7000 адамдық топ Семейде, кейбіреулерінің саны 3000 адамға жуық бірнеше топ Өскемен уезінде орын алды. Күзде Өскемен және Зайсан уездерінде көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында қарулы қақтығыстар болды» [5].

1916 жылдың шілдесінде Өскемен уезі Тайынты болысының Қараболат өңірінде казак әскерлері мен 2000 адамдық қазақ көтерілісшілері арасында қарулы қақтығыс болды. Патша үкіметінің қаруланған әскерлеріне төтеп бере алмай көтеріліс күшпен басылды. 6000-нан астам қазақ отбасы еріксізден Қытайға кетті [6].

Тарихи деректерге жүгінетін болсақ, жерінен, малынан айырылған Шығыс өңірі қазақтарының Қытайға еріксіз қоныс аударуы еліміздің Ресей империясына қосылғаннан кейін басталып, бұл құбылыс тіпті Кеңес заманының 30-жылдарына дейін созылды [7].

1916 жылғы осындай қазақ халқының бас көтерулері бұл Шығыс Қазақстандағы Ресей империясына қарсы ұйымдастырылған ірі қарулы қарсылықтардың бірі болды. Кейін ол 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-халықтық қозғалысына ұласты.

Қорытындылай келе, 1916 жылғы, Шығыс Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс – отаршылдық саясатқа қарсы бағытталған халықтың азаттық рухының айқын көрінісі болды. Көтеріліс қайғылы аяқталып, орасан зор демографиялық шығынға ұшыратқанмен, ол халықтың ұлттық сана-сезімін оятып, кейінгі тәуелсіздік жолындағы күрестің маңызды тарихи кезеңіне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қарасаев Ғ. М. Қазақстан және Алтай өңірі XVIII-XX ғасырлар аралығында / Ғ. М. Қарасаев. - Өскемен, «Медиа-Альянс», 2004, 392 бет.
2. ШҚОММ, қор 50, тір. 1, іс 19, 96 п.
3. ШҚОММ, қор 752, тір. 2, іс 160, 2 б.
4. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане : сб. док. – М., 1960. - 794 с.
5. ШҚОММ, қор 50, тір. 1, іс 92, 202 п.
6. // Рудный Алтай. – 1967. – 27 июнь. – С. 1.
7. Қарасаев Ғ. М. Шығыс Қазақстан: 1986 жыл / Ғ. М. Қарасаев. // Қазақ тарихы. – 2001. - №6. – 44-48 бет.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс: Серікбай Қанайұлының Қарқара көтерілісіндегі тарихи рөлі

Тулеева Лаззат Сериковна

Қасымова Роза Еласаровна

Түркістан жоғары медициналық колледжі

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс – Қазақстан тарихындағы аса маңызды әрі күрделі тарихи оқиғалардың бірі. Бұл қозғалыс Ресей империясының отарлық саясатының күшеюіне, қазақ халқының дәстүрлі жер пайдалану жүйесінің бұзылуына, әлеуметтік-экономикалық қысымның артуына және жергілікті халықтың саяси құқықтарының шектелуіне байланысты қалыптасты.

1916 жылғы 25 маусымда Ресей императоры II Николайдың Түркістан өлкесі мен Дала облыстарының жергілікті тұрғындарын майданның қара жұмысына алу туралы жарлығы жарияланды. Жарлық бойынша 19 бен 43 жас аралығындағы ер адамдарды тыл жұмыстарына тарту көзделді. Бұл шешім халықтың әлеуметтік жағдайына ауыр соққы болып, бұған дейін қалыптасқан отарлық езгіге қарсы наразылықты ашық қарсылыққа ұластырды.

Қазақстандағы көтерілістің ірі орталықтарының бірі Жетісу өңірінде қалыптасты. Соның ішінде Қарқара жәрмеңкесі мен оған іргелес Ереуілтөбе аймағы көтерілістің маңызды саяси орталығына айналды. Қарқара көтерілісі халықтың отарлық саясатқа қарсылығын айқын көрсеткен ірі тарихи оқиға ретінде бағаланады. Қарқара көтерілісінің тарихында Жәмеңке Мәмбетов пен Ұзақ Саурықовтың есімдері кеңінен белгілі. Сонымен қатар көтеріліс барысында жергілікті халықтың қарсылығын ұйымдастыруға және оның саяси ұстанымын білдіруге қатысқан басқа да тұлғалар болды. Солардың бірі – Серікбай Қанайұлы.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің негізгі мақсаты – 1916 жылғы Қарқара көтерілісі жағдайында Серікбай Қанайұлының тарихи рөлін анықтап, оның жергілікті халықтың ұлт-азаттық сипаттағы қарсылығына қатысуын ғылыми тұрғыдан саралау.

Осы мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер қойылды:

- 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі тарихи алғышарттарын анықтау;
- Қарқара көтерілісінің пайда болу себептері мен даму барысын қарастыру;
- Ереуілтөбе оқиғаларының тарихи маңызын айқындау;
- Серікбай Қанайұлының Қарқара көтерілісіндегі орнын анықтау;
- Оның Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов және басқа да жергілікті жетекшілермен тарихи байланысын көрсету;

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, хронологиялық, деректанулық және тарихи тұлғатану әдістері қолданылды.

- **Тарихи-хронологиялық әдіс** 1916 жылғы оқиғалардың даму барысын кезең-кезеңімен қарастыруға мүмкіндік берді.
- **Тарихи-салыстырмалы әдіс** Қарқара көтерілісіндегі әртүрлі жетекшілер дің қызметін салыстыра отырып, Серікбай Қанайұлының өзіндік орнын анықтауға пайдаланылды.
- **Деректанулық әдіс** тарихи құжаттардағы, ғылыми еңбектердегі және естелік материалдардағы мәліметтерді салыстыруға негіз болды.
- **Тарихи тұлғатану әдісі** Серікбай Қанайұлының қоғамдық қызметін оның өмір сүрген тарихи кезеңімен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік берді.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи алғышарттары

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның Ресей империясының отарлық жүйесіне толық енгізілуі қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Қазақ халқының дәстүрлі жер пайдалану жүйесі бұзылып, қоныс аударушылар қорына қазақтардың шұрайлы жерлері алынды. Бұл жағдай жер мәселесін ұлттық наразылықтың негізгі себептерінің біріне айналдырды.

Отарлық басқару жүйесінің орнығуы жергілікті халықтың әкімшілік және саяси еркіндігін шектеді. Болыстық басқару жүйесінде халықтың ішкі мәселелерін шешуге мүмкіндік азайды. Сонымен қатар салықтардың көбеюі, жер

тапшылығы және әлеуметтік теңсіздік халықтың тұрмыс жағдайын қиындатты. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында бұл қиындықтар одан әрі күшейді. Халықтан мал, азық-түлік және басқа да ресурстар жиналды. Осындай жағдайда 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлықтың шығуы халық наразылығын шегіне жеткізді. Қазақ қоғамында бұған дейін әскери қызметке алынбаған жергілікті халықтың ер адамдарын майданның қара жұмысына жіберу үлкен қауіп ретінде қабылданды. 1916 жылғы қозғалыс Қазақстанның көптеген аймақтарын қамтыды. Оның ірі орталықтары Жетісу мен Торғай өңірлерінде қалыптасты. Жетісудағы Қарқара көтерілісі осы қозғалыстың ең ірі ошақтарының бірі болды. Қарқара өңірі Жетісудың тарихи-географиялық жағынан маңызды аймақтарының бірі болды. Қарқара жәрмеңкесі тек сауда орталығы ғана емес, әртүрлі әлеуметтік топтар кездесетін қоғамдық кеңістік қызметін де атқарды. Сондықтан 1916 жылғы саяси оқиғалар бұл өңірге тез әсер етті.

1916 жылдың шілде айының басында Қарқара жәрмеңкесінде патша жарлығының мазмұны халыққа жеткізілді. Жарлыққа қарсылық білдірген халық өкілдері жиналып, өздерінің саяси ұстанымдарын талқылады. Ереуілтөбедегі жиындар Қарқара көтерілісінің ұйымдастырушылық кезеңіндегі маңызды оқиғалардың бірі болды. Халық өкілдері патша жарлығын орындамау,ел ішіндегі адамдарды тізімге бермеу және жергілікті халықтың мүддесін қорғау мәселелерін көтерді. Зерттеуші С. Н. Тәнекеев Қарқара-Албан көтерілісіне қатысты көптеген деректерді жинақтап, көтерілістің себептері мен барысын кеңінен қарастырған. Қарқара көтерілісінің маңызды ерекшелігі – оның халықтық сипатында. Қозғалысқа әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері қатысты. Халықтың ортақ мүддесі – отарлық қысымға және жаңа жарлыққа қарсылық білдіру болды.

Бұл жерде көтеріліс жетекшілерінің қызметін жеке-жеке ғана емес, өзара байланыста қарастыру қажет. Өйткені Қарқарадағы қарсылық бір адамның әрекетімен емес, жергілікті ел азаматтарының ортақ ұстанымы мен ұйымдастырушылық қызметі нәтижесінде қалыптасты. Серікбай Қанайұлы– 1916 жылғы Қарқара көтерілісіне қатысқан жергілікті жетекшілердің бірі. Сол

кезеңдегі жергілікті басқару жүйесінде белгілі бір әкімшілік қызмет атқарған тұлғалардың халық арасында ықпалы болды. Сондықтан олардың патша жарлығына байланысты ұстанымы халықтың әрекетіне белгілі дәрежеде әсер етті. Қарқара көтерілісіне қатысты тарихи деректердің бірінде 1916 жылғы 6 шілдеде өткен жиында Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов және басқа да ел азаматтары патша жарлығына қарсылық білдіргені көрсетіледі. Зерттеу материалдарын салыстыру Серікбай Қанайұлының көтерілістің саяси ұстанымын қалыптастыруға қатысқан тұлғалардың бірі болғанын көрсетеді. Кейбір деректерде Серікбай Қанайұлының Шілік болысының басшысы болғаны көрсетілсе, басқа материалдарда оның Тау-шелек болысымен байланысы айтылады. Бұл мәліметтердегі айырмашылық оның нақты әкімшілік қызметін архив құжаттары негізінде қосымша анықтау қажеттігін көрсетеді.Осыған байланысты Серікбай Қанайұлын Қарқара көтерілісінің жалғыз немесе негізгі басшысы ретінде көрсету ғылыми тұрғыдан дұрыс емес. Оны Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов және басқа да ел азаматтарымен бірге ұжымдық көшбасшылық жүйесінің құрамындағы жергілікті жетекші ретінде қарастырған жөн. Серікбай Қанайұлының Қарқара көтерілісіндегі тарихи рөлін бірнеше бағыт бойынша бағалауға болады. Біріншіден, ол халықтың саяси қарсылығын білдірген жергілікті тұлға болды. 1916 жылғы жарлыққа қарсы халықтың ұстанымын жеткізу сол кездегі жағдай үшін үлкен саяси мәнге ие еді. Екіншіден, Серікбай Қанайұлы жергілікті ел азаматтарының ұйымдастырушылық әрекеттеріне қатысты. Қарқара өңіріндегі халықтың басын қосу, ортақ ұстаным қалыптастыру және патша жарлығына байланысты шешім қабылдау белгілі бір деңгейде жергілікті беделді тұлғалардың қызметіне байланысты болды. Үшіншіден, оның қызметі ұлттық мүддені қорғау идеясымен байланысты болды. Патша өкіметінің жарлығына қарсылық білдіру тек тыл жұмыстарына адам бермеу мәселесімен шектелген жоқ. Ол отарлық биліктің халықтың ішкі өміріне араласуына қарсы бағытталған кеңірек қарсылықтың құрамдас бөлігіне айналды. Қарқара көтерілісінің тарихында Жәмеңке Мәмбетов пен Ұзақ Саурықовтың есімдері ерекше орын алады. Олар халық арасында беделді тұлғалар ретінде

көтерілістің саяси және ұйымдастырушылық бағытына ықпал етті. Жәмеңке Мәмбетовтың халықтың саяси ұстанымын қалыптастырудағы орны ерекше болды. Ұзақ Саурықов та көтеріліс барысында халықты ұйымдастыруға белсенді қатысты. Серікбай Қанайұлы осы ортадағы жергілікті жетекшілердің бірі ретінде патша жарлығына қарсылық білдірді.

Тарихи деректерді талдау Қарқара көтерілісінің басшылығында белгілі бір дәрежеде ұжымдық сипат болғанын көрсетеді. Бұл ерекшелік көтерілісті тек жеке батырлардың әрекеті ретінде емес, халықтың ортақ қарсылығы ретінде бағалауға негіз береді. Қарқара көтерілісі патша үкіметінің әскери күш қолдануы нәтижесінде қатал түрде басып-жаншылды. Ресей империясы Жетісу өңіріндегі көтерілісті тоқтату үшін жазалаушы әскери отрядтарды пайдаланды.

Көтерілістің жеңілуіне қару-жарақтың жеткіліксіздігі, ұйымдастырушылық мүмкіндіктердің шектеулілігі, әскери күштердің тең болмауы және патша әкімшілігінің жазалау шаралары әсер етті.Жазалау саясаты халыққа ауыр зардап әкелді. Көптеген ауылдар қоныстарын тастап, Қытай аумағына өтуге мәжбүр болды. Халықтың мал-мүлкі тәркіленіп, бейбіт тұрғындар да зорлық-зомбылыққа ұшырады.

Қарқара көтерілісінің жеңілуі оның тарихи маңызын төмендеткен жоқ. Керісінше, көтеріліс қазақ халқының отарлық саясатқа қарсы саяси санасының өскенін көрсетті. Тарихи тұлғалардың қоғам жадында сақталуы – ұлттық тарихты зерттеудің маңызды бағыттарының бірі. Қарқара көтерілісіне қатысты тарихи жадта Жәмеңке Мәмбетов пен Ұзақ Саурықов сияқты тұлғалармен бірге Серікбай Қанайұлының есімі де сақталған. Қазақ әдебиеті мен тарихи-танымдық жарияланымдарда Серікбай Қанайұлы Қарқара көтерілісінің жетекшілерінің бірі ретінде аталады. Мысалы, Ілияс Жансүгіровтің Қарқара өңіріне қатысты тарихи материалдар жинау жұмыстары мен кейінгі зерттеулерде Серікбай Қанайұлының есімі кездеседі. 2016 жылы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына байланысты Қарқара көтерілісіне арналған зерттеу еңбектері мен тарихи материалдар қайта жарық көріп, ғылыми айналымға енгізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Серікбай Қанайұлының тұлғасын 1916 жылғы Қарқара көтерілісінің жалпы тарихы аясында жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырумен байланысты.

Зерттеу барысында:

- ❖ Серікбай Қанайұлының Қарқара көтерілісіндегі жергілікті жетекшілердің бірі болғаны көрсетілді;
- ❖ оның патша өкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығына қарсылық білдірген тұлғалардың қатарында болғаны сараланды;
- ❖ Серікбай Қанайұлының Жәмеңке Мәмбетов және Ұзақ Саурықов сияқты жетекшілермен тарихи байланысы қарастырылды;
- ❖ Қарқара көтерілісіндегі көшбасшылықтың ұжымдық сипатына назар аударылды;

Осы тұрғыдан алғанда, Серікбай Қанайұлының тарихи тұлғасын зерттеу Қарқара көтерілісінің тарихын толықтыруға және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың аймақтық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс– қазақ халқының Ресей империясының отарлық саясатына қарсы күресінің маңызды кезеңдерінің бірі. Қозғалыстың Жетісудағы ірі ошақтарының бірі болған Қарқара көтерілісі халықтың саяси және ұлттық санасының өскенін айқын көрсетті.Қарқара көтерілісінің туындауына ұзақ уақыт бойы жүргізілген отарлық саясат, жер мәселесі, әлеуметтік-экономикалық қысым және Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ауыр міндеткерліктер әсер етті. Ал 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлық халықтың қалыптасқан наразылығын ашық қарсылыққа айналдырған негізгі себептердің бірі болды. Сонымен бірге Серікбай Қанайұлының тарихи рөлін асыра бағалауға болмайды. Оны Қарқара көтерілісінің жалғыз немесе басты басшысы ретінде емес, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов және басқа да ел азаматтарымен бірге әрекет еткен ұжымдық көшбасшылықтың өкілі ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан орынды. Қорыта айтқанда, Серікбай Қанайұлы – 1916 жылғы Қарқара көтерілісінің тарихында өзіндік орны бар тұлға. Оның

қызметін зерттеу Қарқара көтерілісінің толық тарихи бейнесін қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының отарлық саясатқа қарсы саяси ұстанымының қалыптасу ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тәнекеев С. Н. 1916 жыл. Қарқара-Албан көтерілісі. – Алматы: Экономика, 2002. – 398 б.
2. Тәнекеев С. 1916 жыл. Ереуілтөбе әсерлері. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 173 б.
3. Тәнекеев С. 1916. Қарқара-Албан көтерілісі. – Алматы: Ан-Арыс, 2016. 347б.
4. Қазақстандағы 1916 жылдың ұлт-азаттық қозғалысы // Qazaqstan Tarihy – e-history.kz. Электрондық ресурс.
5. Қарқара көтерілісіне қатысты тарихи деректер мен зерттеу материалдары // Отан тарихы. – 2016. Электрондық ресурс.

The Unknown Heroes of the 1916 Uprising

Махаматдинова Диана

Исмолдаева Дана Ирисмуханбетовна, Бахтиярова Ақмарал Жармұханбетқызы

Түркістан жоғары медициналық колледжі

Abstract. This paper presents a detailed account of little-known and unjustly forgotten figures from the 1916 national liberation movement in Central Asia. It focuses on leaders of regional resistance movements, women, diplomats, and representatives of various ethnic groups whose names long remained in the shadow of official Soviet historiography.

The aim of the study is to identify and systematize biographical data on lesser-known leaders of the 1916 uprising, determining their actual contribution to organizing the resistance.

The relevance of this topic stems from the need to re-examine Soviet historiography, which viewed the events of 1916 exclusively through the prism of class struggle. For a long time, local khans, *volost* leaders, and *batyrs* who did not accept Soviet power after 1917 fell outside the scope of scholarly attention, causing their names to fade into oblivion.

The scientific novelty of this research lies in the following aspects:

De-ideologization of assessments: Re-evaluating the events of 1916 outside the framework of the Soviet concept of "class struggle."

Shifting the research focus: Moving from the study of well-known leaders to an analysis of the role of regional elites and local leaders.

Reconstruction of power structures: Demonstrating that the uprising was not a spontaneous revolt but an attempt to restore traditional Kazakh statehood.

In the pre-dawn hours of a cold November morning in 1916, a rebel army of 15,000 horsemen surrounded the district town of Turgai—a remote outpost of the Russian Empire in the Kazakh steppe. This was a response to the forced labor conscription of the indigenous male population and other forms of oppression by the colonial administration. The rebels intended to capture the town and overthrow the local authorities. Although the siege of Turgai was unsuccessful, it marked one of the most dramatic episodes of the massive uprising that swept across Central Asia. The rebellion was suppressed at a terrible cost: approximately 88,000 indigenous people were killed, and another 250,000 fled to East Turkestan.

The primary goal of the 1916 uprising was national and political liberation, representing the culmination of the entire preceding struggle of the Kazakh people for freedom and independence.

In Kazakhstan, the mass expropriation of land from the Kazakhs continued, primarily in the northeastern districts of the Syr-Darya region, the southern parts of the Semirechye region, and several other areas. In the Semirechye region alone, 1.8 million *dessiatines* of the best pasture and arable land were seized during the first three years of the war, while the true owners of this land—the Kazakhs—were forcibly evicted to desert and semi-desert areas that were largely or entirely unsuitable for agriculture. The

land taken from the Kazakhs was distributed to Tsarist officers, officials, the clergy, the Cossack host, and peasant settlers from Russia and Ukraine. By mid-1916, the total area of land expropriated from the Kazakh population had reached 45 million *dessiatines*. The war consumed vast quantities of raw materials, foodstuffs, livestock, and other material resources.

The initial unrest of September soon gave way to a brief period of relative calm, which came to an abrupt end in late October. A likely explanation for the lull in the months preceding the uprising is that the Turgai Kazakhs were preparing for organized armed resistance; they were gathering men, forging weapons, and pooling resources. Indeed, archival evidence indicates that the Turgai insurgents possessed a higher level of organization and coordination than their counterparts in Semirechye. Notably, the Turgai rebels formed two distinct armies—composed primarily of Argyns and Kipchaks—and had their own military commanders. One such leader, Amangeldy Imanov, was immortalized in Soviet historiography of the uprising. The Turgai insurgents also had a political leadership structure; Amangeldy commanded the forces of Abdulghafar Zhanbosynov, who had been elected Khan of the Kipchaks. The leader of the Argyn insurgents was Ospan Chulakov.

The combined forces of the two armies numbered up to 8,000 insurgents, armed predominantly with close-combat weapons and hunting rifles.

Regional Leaders and Forgotten Khans of the Uprising.

At the height of the uprising, Kazakh and Kyrgyz clans, striving to restore independent statehood, elected their own khans and leaders. Many of them knowingly faced death, fully aware of the disparity in forces.

Bekbolat Ashekeyev (Semirechye, Verny District): One of the most respected leaders of Zhetysu. He organized resistance on the Ush-Konyr plateau. Commanding immense authority, Ashekeyev attempted to negotiate with the colonial administration until the very end to avert a massacre of the civilian population. He was captured by punitive forces and publicly executed (hanged) on Boraldai Hill. He faced death with exceptional courage, refusing to beg for mercy.

Zhamenke Mambetov and Uzak Saurykov (Karkara Center): Leaders of the uprising in the Karkara Valley—a place sacred to both Kazakhs and Kyrgyz. They assembled a militia numbering in the thousands. They were treacherously arrested and poisoned (or, according to another account, shot without trial) in the prison of Przhevalsk (now Karakol). Their deaths sparked fierce resistance across the region.

Ospon (Usman) Chonin (Kyrgyzstan, Chuy Valley): While major leaders commanded entire fronts, Ospon Chonin spearheaded a localized yet ferocious resistance in the foothills. His detachments paralyzed the supply lines of punitive forces, recaptured stolen livestock, and helped civilian settlements retreat into the mountains during the tragic exodus known as the Urkun.

Uzak Saurykov. Who he was: An organizer and military leader of the insurgents in the Issyk-Kul and Karkara regions.

Contribution: He commanded unquestioned authority and united disparate Kazakh and Kyrgyz clans to mount a joint resistance against the punitive forces.
Fate: Shot without trial or investigation by punitive forces while being escorted.

Imanaly Medeuov and Batyr Akkoz. Who they were: Local leaders active in the Merke and Auliye-Ata districts.

Contribution: They fought in the Moyynkum sands. Imanaly Medeuov, while serving as a district administrator, sided with the people, destroyed conscription lists, and organized partisan bases. They are mentioned in rare folk *dastans* (epic poems).

In early July, spontaneous protests erupted across almost all regions of Kazakhstan, soon escalating into an armed uprising. The first to bear the brunt of popular wrath were the *volost* administrators, *aul* elders, and other low-level agents of the Tsarist administration—the very officials responsible for directly compiling the conscription lists for rear-area labor service. Exploiting the fact that Kazakhs lacked birth certificates, these officials arbitrarily included the poor on the lists regardless of age, while exempting the sons of wealthy *bais* in exchange for bribes. In practice, the listing process spawned widespread bribery and abuse of power.

Moreover, Tsarist authorities exempted various groups from the draft: officials; *volost*, village, administrators; indigenous police personnel; imams, mullahs, and

mudarris (religious teachers); clerks and accountants from small-credit institutions; students at higher and secondary educational institutions; government officials; and individuals holding the status of nobility or honorary citizenship.

Driven to desperation by the Tsar's harsh decree and the unjust manner of its local implementation, working people—armed with whatever makeshift weapons came to hand—lashed out at representatives of Tsarist authority, including *volost* administrators, *aul* elders, police officers, Cossacks, and bureaucrats. Shouting "We will not give up our people!", they attacked these officials. They set fire to the offices and homes of *volost* administrators and *aul* elders and destroyed administrative records and conscription lists, naively believing that doing so would spare them from being drafted into rear-area labor service.

The uprising engulfed all of Kazakhstan and evolved into a national liberation movement directed against the Tsarist regime's military-colonial and large-scale Russification policies, and—to a certain extent—against the feudal-bai elite of the *aul* (village). At the same time, the movement was directed against the imperialist war, which had led to a crisis in the national economy and extreme impoverishment of the people. In this regard, it aligned with the revolutionary struggle of the working class and peasantry of Russia. The primary goal of the 1916 uprising was national and political liberation, representing the culmination of the Kazakh people's prior struggle for freedom and independence.

The main driving force behind the uprising consisted of broad strata of the national peasantry—the *sharua*—as well as representatives of the nascent working class and artisans. Representatives of other segments of Kazakh society also participated, including *bais*, volost administrators, *biis*, and the democratic intelligentsia.

Overall, the 1916 national liberation movement in Kazakhstan was mono-ethnic, with the exception of the southern regions (Semirechye and the Syr Darya region), where—alongside the Kazakhs—Uyghurs, Uzbeks, Kyrgyz, Dungans, and members of other ethnic groups participated in the uprising.

Attitudes within Kazakh society toward the Tsar's decree and the uprising were mixed: a certain segment of the feudal-bai elite, as well as officials of the so-called "native administration," unconditionally supported the Tsarist decree and became its primary implementers; Radical members of the Kazakh intelligentsia (Bokin, Niyazbekov, Zhunusov) vehemently opposed it and called upon the people to offer armed resistance, whereas the leaders of the liberal-democratic intelligentsia—grouped around the *Qazaq* newspaper (A. Baitursynov, A. Bukeikhanov, M. Dulatov)—adopted an indecisive stance. They repeatedly attempted to persuade the Tsarist administration not to rush the mobilization but rather to carry out preparatory measures; at the same time, however, they urged the public not to resist the implementation of the decree, believing—not without reason—that an unarmed populace would fall victim to the brutal repressions of the Tsarist regime.

Conclusion. The uprising of 1916 was not monolithic, and it cannot be painted with a single ideological brush. The true heroes of those days were not only those who charged machine-gun nests armed with pikes, but also those who sacrificed themselves in prison dungeons, rescued refugees on the snow-covered passes of the Tian Shan, and defended workers' rights at World War I frontline facilities. Today, restoring the names of figures such as Bekbolat Ashekeyev and Bular Baatyr, as well as the participants of the Karkara Uprising and thousands of nameless women, represents an act of historical justice and a crucial step in strengthening the national identities of Central Asian countries.

References:

1. The National Liberation Uprising of 1916 in Kazakhstan: A Collection of Documents and Materials / Comp. M. K. Kozybayev et al. — Almaty: Gylym, 1996. — 304 p.

2. The Uprising of 1916 in Central Asia and Kazakhstan: A Collection of Documents / Ed. A. V. Pyaskovsky. — Moscow: Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR, 1960. — 794 p.

3. Kozybayev M. K. From the History of the National Liberation Movement: The Uprising of 1916. — Almaty: Kazakhstan, 1991. — 84 p.

4. Asfendiarov S. D. The National Liberation Uprising of 1916 in Kazakhstan. — Almaty: Kazakh University, 2010 (reprint). — 148 p.

Арыстанның ұрпағы...

Өмірбекқызы Мейрамгүл
Жаксиев Кошкарбай Жумашович
Атырау жоғары медициналық колледжі

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс – қазақ халқының патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ірі әрі ұлттық-саяси азаттық күресі. Ол халықтың ұлттық санасын оятып, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасымен жалғасқан, ақыр соңында қазіргі егемендікке жол ашқан бостандық жолындағы тарихи іргетастың бірі болды.

Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусымдағы орыс емес, бұратана халықтардың 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын орыс-герман майданына қорғаныс құрылыстарын салу және тыл жұмыстарына жұмылдыру жөніндегі жарлығына қарсылықтан туған ұлт-азаттық қозғалыс Батыс Қазақстанды да, оның ішінде Бөкей ордасын да қамтыды. Атырау (бұрынғы Гурьев) өлкесіндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс патшаның 25 маусым жарлығына (19-43 жастағы ер азаматтарды майдан артындағы қара жұмысқа алу туралы) қарсы басталды. Жергілікті халық майданға барудан бас тартып, мал мен дүние-мүлікті тартып алуға қарсы шықты. Өлкеде ірі әрі орталықтандырылған қақтығыстар болмағанымен, көтеріліс бүкіл болыстарды қамтыды. Қазақ зиялылары соғыстың әділетсіздігін түсіндіріп, халықты патша үкіметінің жарлығына бағынбауға шақырды. Ауыл тұрғындары патша әкімшілігінің тізіміне ілікпеу үшін көшіп кетуге, жасырынуға мәжбүр болды. Патша үкіметі салық жинауды және тыл жұмысына адам алуды күшпен жүргізді.

Атырау өлкесіндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс патша үкіметінің маусым жарлығына қарсы басталды. Өңірдегі қозғалыстың негізгі ошағы қазіргі Құрманғазы (бұрынғы I Теңіз маңы) ауданының Нарын құмындағы «Саға»

аумағында шоғырланып, оған жергілікті қайраткер Өтепқали Исатаев басшылық етті. Көтеріліске негізінен Нарын құмының маңында, Каспий теңізінің солтүстік жағалауында топтасқан шаруалар мен еңбекшілер қатысты.

Бұл туралы мәліметтер Батыс Қазақстан, соның ішінде Атырау (Гурьев) өңіріндегі көтеріліс кезіндегі қара жұмысқа алу және наразылық туралы құжаттар мен мұрағат деректері негізінен Астрахан, Орынбор және Саратов қалаларының мұрағаттарында сақталған.

1916 жылдағы Исатай Тайманұлының немересі Өтепқали Дінбаянұлы Исатаевтің көтерілісі.

Батыс Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс — Он алтыншы жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың құрамдас бөлігі. Бұрынғы Бөкей ордасын, Орал облысынан және Торғай облысынының Ақтөбе, Ырғыз уездерін қамтыды.Бұл өңірде де көтеріліс 25 маусымдағы Ресей патшасы жарлығына наразылық, болыс басшыларына, тыл жұмысына алынатындардың тізімін жасаушыларға қысым көрсету түрінде басталды. Бірақ қазақ зиялылары халықты қантөгістен, қарулы қақтығыстан сақтандыруға күш салды. Осы мақсатта Б. Қаратаев пен Ж. Сейдалин Ресей мемлекеттік думасының төрағасына арнайы хат арқылы тыл жұмысына адам алуды 1917 жылдың 17 мамырына дейін тоқтата тұру керектігі жөнінде ұсыныс жасады. Қазақ зиялылары тыл жұмысына адам беруді жақтағанымен кей жерлерде қуғын-сүргінге ұшырады. “Қазақтарды өкіметке бағынбауға шақырды” деген айыппен Бөкей ордасында Бақтыгерей Құлманов жер аударылды, ал Сейітқали Меңдешев 3 ай мерзімге абақтыға жабылды. Бөкей ордасында халық нарызылығының екпін алған жері Бірінші теңіз жағалауы округі болды. Онда бір мыңнан астам көтерілісшілерге Исатай Тайманұлының немересі Өтепқали Дінбаянұлы жетекшілік етті. Шоқпармен, мылтықпен қаруланған көтерілісшілер жергілікті билік орындарынан тыл жұмысына алынатындардың тізімін тартып алып, өртеп жіберді. Округ деңгейінен аспаған көтеріліс 30 тамызда жазалаушы әскер күшімен басылды. Көтерілісті ұйымдастырушылар ретінде Дінбаянұлы, Е. Нарынбаев, Қ. Дүтбаев, т.б.

тұтқынға алынды. Гурьев уезінде жұрттың біразы Хиуа хандығының жеріне үдере көшті.

Енді осы мәліметте сөз болып отырған Өтепқали Дінбаянұлы кім деген сұраққа келсек: Тарихқа жүгінсек, Исатай батыр бастаған топ 1837 жылы 13 желтоқсанға қараған түнде Жайық өзенінің шығыс бетіне Кіші жүзге өткеннен кейін қолға түспеу үшін үш топқа бөлінеді. Исатай бір топ серігімен бірге қуғыншылардан аман құтылғанымен, оның әйелі Несібелі мен балалары Жақия мен Дінбаян (Дүмбаян) көп кешікпей қолға түседі. Кейін көтеріліске қатысушыларды жазалау жүрген кезде көтерілістің барысында әкесінің жанында болып, қолына қару алып, жау әскерімен де соғысқан, Тастөбе шайқасының бел ортасында болған 27 жастағы Жақияны әскери сотпен қара жұмысқа жіберу, одан әрі мәңгі жер аударуға жаза белгіленеді. Сол кездегі заңдылық бойынша 12-ге толмағандар ешқандай жазалауға жатпайтындықтан Дінбаян жазалауға ілікпейді.

Дінбаяннан Өтепқали, Түсіпәлі, Сыралы, Қарес, Қарелі деген ұл балалар және Нәшін атты қыз тарайды. 1846 жылы дүниеге келген Өтепқали Бөкей ордасының I Теңіз жағалауы округі аумағында болыстық старшыны қызметін атқарған, ел арасында беделді адам болған. 1916 жылғы маусымда патша жарлығы шығып, ел дүрліккенде Бөкейліктегі халық наразылығының екпін алған жері I Теңіз жағалауы округі болды. Осы кезде Едіге Нарынбаев бастаған теңіз жағалауы ауылдарының екі-үш беделді жігіттері халық батыры Исатай Таймanұлының немересі, Мыңтөбе жақта тұратын Өтепқали Дінбаянұлын іздеп барады. Ол туралы академик Қажым Жұмалиевтың «Жайсаң жандар» атты естеліктер жинағында (Алматы, 1969 ж.) Өтепқалидың Жаңақалаға барып, Сейтқали Меңдешевпен кездесіп, осы жарлықты орындау, не орындамау туралы пікірлескені айтылады. Ал, қаламгер Хайдар Ермұратовтың 1972 жылы жарық көрген «Октябрь нұрландырған өңір» атты еңбегінде Бөкей даласындағы 1916 жылғы патша жарлығына байланысты жағдай баяндалып, Мыңтөбе ауылындағы Өтепқали Исатаев халықтың қиналғанын естіп, қайғырып отырғанда оның үйіне екі-үш кісі келіп, сәлем бергенін, «Қара сиыр» ауылының

қадірлі азаматы Едігенің сөз бастап, ауыл жігіттерінің жиналып, «Патша жарлығына көнбейік, қара жұмысқа барудан бас тартайық. Соғыс майданына барып өлгенше, өзіміздің туған жерімізде өлгеніміз артық» деп бекініп отырғанын айтып, Өтепқалиды осы қозғалысқа басшы болуға қалайтын көпшіліктің сәлем-тілегін жеткізеді. Халық қамы үшін күрескен атасы Исатайды есіне алған Өтепқали сәл ойланып, келісімін береді. «Өтепқали бастап, патша жарлығына қарсы тұратын болыпты» деген хабар ауылдардың бәріне тарайды. Сөйтіп, Өтепқали мен Едіге ел ішінде түсінік жұмыстарын жүргізіп, жиын орталығы болған Ақай мен Саға мекеніне теңіз жағалауындағы және құм өңіріндегі ауылдардан мыңға тарта адам жиналады. Қара мылтықпен, найзамен, шоқпармен қарулана бастайды. Олар тыл жұмысына алынатындардың тізімін тартып алып, өртеп жібереді, тізімдеуде әділетсіздік жасаған болыс өкілдеріне қысымшылық көрсетеді. Каспий теңізі арқылы Ақай батағасына келген пароход бірнеше күн күтіп, бос қайтады. Бұл хабарды алысымен Астрахан губернаторы шұғыл казактардың қарулы отрядын жібереді. Өтепқали мен Едіге, оның бір топ серігі тұтқындалады. Әкім-қаралардың «қазақтарды майданға алмайтын болды» деген алдауымен наразылыққа қатысушылар үйді-үйлеріне тарайды. Осы сәтті пайдаланып, қайта келген кемеге I Теңіз жағалауы округінен үш жүз жігітті тиеп, майданға қара жұмысқа әкетеді. Олардың ішінде мыңтөбелік жыр дүлдүлі Насихат Сүгірұлы да бар еді. Ол Австрия, Румыния елдеріне барып, бастан кешкен азаптары мен қиындықтары жөнінде «Айдады патша жыраққа» толғауын жазды. Өтепқалидың ұлы Құбайдолла да тыл жұмысына алынған. Жаңақала жақтағы қозғалысты ұйымдастырушы, кейін Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің төрағасы болған С.Меңдешов Орал қаласында шығатын «Екпінді құрылыс» газетінің 1936 жылғы 18 маусымдағы санында жариялаған мақаласында былай деп жазды: «Ресей патшасы II Николайдың 1916 жылғы орыс-герман майданына қара жұмысқа алу туралы жарлығына Астрахан губерниясына қарасты Бөкей ордасының тұрғындары қарсы шықты. Көтерілістің екі орталығы болды, біріншісі – Новая Казанка, екінші орталығы – Теңіз округі. Оны Исатай батырдың немересі Өтепқали Дінбаянұлы басқарды. Халық

арасында беделді, старшын болған Өтепқали жақын ағайыны Едіге Нарынбаевпен бірге патша жарлығына наразылар тобын құрды. Екі мыңдай сарбазбен Саға мекенінде ту көтеріп, ондаған киіз үй тігіп, соғысқа әзірлене бастады». Сүгірұлы Насихат ақын «Еділ – Жайық – екі су» атты толғауында Өтепқали батырды мақтан етеді.

Өтепқали мен оның серіктері 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін түрмеден босатылып, туған ауылы Мыңтөбеге оралып, өмір көшінде кеңес



өкіметінің орнауы, ұжымдастыру, орта және бай-кулақтарды кәмпескелеу мен қуғындау кезеңдерінің куәсі болып, 1928 жылы 82 жасында қайтыс болады. Мыңтөбе тауының бір биік төбесіне жерленген. Ел-жұрты үшін етігімен су кешкен ерлерді ұмытпау, рухын қастерлеу – басты парызымыз. Осы тұрғыда «Өтепқали Дінбаянұлының мәңгілік тыным тапқан жерінде жоқтаусыз қалуы қалай?» деген сұрақ туады. Олай дейтініміз, 2024 жылы бір топ жергілікті өлкетанушылар Мыңтөбеге барған сапарында таудың оңтүстік жағындағы бейітіне барып, дұға бағыштағандарын айтады. Кезінде ағаш тақтайдан тұрғызылған батырдың бейітінің орны ғана қалған, ағаштары жерде шашылып жатыр, құлпытасы да көрінбейді. Әйтеуір, «Сазанқұрақ» мұнай компаниясының 2006 жылы бейіт басына қара граниттен белгі қойғаны көңілге медеу! Бүгінде атамыздың бейітін айғақтап сол белгі ғана тұр.

Мыңтөбе құмында Өтепқали Дінбаянұлына қойылған белгі Қазақ жеріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бір бөлшегі болып саналатын Каспий теңізі жағалауындағы наразылық қазақтардың отарлық саясатқа қарсылығымен бірге сана-сезімінің өскендігін байқатты. Ендеше, кезінде Махамбет бабамыз «Арыстан еді-ау Исатай!» деп әйгілеген Исатай Тайманұлының немересі – тар заманда, зар заманда ел қамы үшін ермінез көрсеткен тарихи тұлға, арыстанның ұрпағы Өтепқали Дінбаянұлының рухын ризалап, басын қарайтар уақыт келді, ағайын!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан тарихы» оқулығы
2. А.Шамғонұлы «Атырауда 1916 жылғы көтеріліс ошағы қай жерде болды?»
3. Ө. Мәдиев «Іздеусіз қалған тағдыр»
4. «Atr.kz.» порталы

1916 жылғы көтерілістің сипаты мен тарихи маңызы туралы пікірталастар

Мусатаева Туғанай

Жакишева Айсулу Ажмагыновна

Павлодар медициналық жоғары колледжі

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі** көтерілістің сипатына байланысты ғылыми пікірталастардың әлі де маңыздылығымен де айқындалады. Көтеріліс бір жағынан отарлық әкімшілікке, жер саясатына және саяси теңсіздікке қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс сипатында көрінсе, екінші жағынан оның әлеуметтік мазмұны да айқын болды. Осыған байланысты 1916 жылғы қозғалысты тек бір ғана қырынан бағаламай, оның ұлт-азаттық, отаршылдыққа қарсы және әлеуметтік сипаттарының өзара байланысын қарастыру қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің негізгі мақсаты – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің себептері мен тарихи алғышарттарын, сипаты мен қозғаушы күштерін, ұйымдасу деңгейі мен өңірлік ерекшеліктерін, қазақ ұлттық зиялыларының ұстанымын және тарихи маңызын ғылыми пікірталастар негізінде кешенді түрде талдау.

Зерттеудің **ғылыми жаңалығы** ең алдымен 1916 жылғы көтерілістің сипатын бір ғана ғылыми тұжырыммен шектемей, оның ұлт-азаттық, отаршылдыққа қарсы және әлеуметтік мазмұнының өзара байланысын кешенді

түрде қарастыруынан көрінеді. Мақалада көтерілістің бір мезгілде бірнеше мазмұнды қамтыған тарихи құбылыс болғаны негізделеді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Қазақстан мен Орталық Азия тарихында ерекше орын алады. Ол өңір халқының Ресей империясының отарлық саясатына қарсы бағытталған ең ауқымды бас көтерулерінің бірі болды. Сонымен қатар көтерілістің сипаты, қозғаушы күштері мен тарихи маңызы әр кезеңде әртүрлі бағаланды. Зерттеушілер оны стихиялық бүлік, отаршылдыққа қарсы қозғалыс, ұлт-азаттық көтеріліс, шаруалар қозғалысы немесе Ресей империясындағы жалпы дағдарыстың бір көрінісі ретінде сипаттады.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарының қызған кезінде жарияланған мобилизация халықтың жаппай наразылығын туғызды. Тізім жасау кезінде орын алған заңсыздықтар, жергілікті әкімшілік өкілдерінің озбырлығы және ауқатты отбасылардың өз адамдарын тыл жұмыстарына жіберуден босатуға мүмкіндік алуы да халықтың ашу-ызасын күшейтті.

Негізгі пікірталас тудыратын мәселелердің бірі – көтерілістің сипатын анықтау. Зерттеушілердің елеулі бөлігі оны, ең алдымен, ұлт-азаттық қозғалыс ретінде қарастырады. Мұндай тұжырым көтерілістің отарлық әкімшілікке, қоныс аудару саясатына және жергілікті халықтың саяси теңсіздігіне қарсы бағытталуына негізделеді.

Сонымен бірге көтерілістің айқын әлеуметтік мазмұны да болды. Халықтың наразылығы патша билігіне ғана емес, жергілікті әкімшілік өкілдеріне, болыс басқарушыларына және мобилизациялық тізімдерді жасау кезінде әділетсіздік пен заңсыздыққа жол берген адамдарға да бағытталды. Қозғалысқа негізінен жер саясатының, салықтардың өсуі мен шаруашылық қиындықтардың зардаптарын тікелей сезінген ауыл тұрғындары қатысты. Сондықтан кейбір зерттеушілер көтерілістің шаруалар қозғалысы және әлеуметтік қарсылық сипатына ерекше назар аударды.

Ғылыми пікірталас тудыратын тағы бір мәселе – қозғалыстың ұйымдасу деңгейі. Көтерілістің бірыңғай жалпыұлттық басқару орталығы мен ортақ іс-қимыл жоспары болған жоқ. Ол әр өңірде әркелкі дамыды, ал оның жекелеген

ошақтары қатысушылардың құрамы, күрес тәсілдері және ұзақтығы бойынша ерекшеленді.

Қазақ ұлттық зиялыларының оқиғаларға қатысты ұстанымы да үлкен пікірталас туғызады. Қалыптасып келе жатқан «Алаш» қозғалысының өкілдері мобилизация туралы жарлықты сынға алып, оның жеткілікті дайындықсыз және әділетсіз жүзеге асырылып жатқанын атап көрсетті. Сонымен бірге олар қарулы қарсылықты қолдамады, өйткені мұндай күрестің жаппай адам шығыны мен жазалау шараларына әкелуінен қауіптенді.

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және олардың серіктері халықты сабырлылық танытуға шақырды. Кейін олар тыл жұмыстарына алынған азаматтардың құқықтарын қорғауға, олардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға және қажетті көмек көрсетуге ұмтылды.

Кеңестік тарихнамада қазақ зиялыларының мұндай ұстанымы көбіне ымырашылдық немесе халық мүддесіне қайшы әрекет ретінде бағаланды. Қазіргі зерттеушілер бұл мәселені неғұрлым сараланған түрде қарастырады.

Кеңестік тарихнамада еңбекші бұқараның қатысуына және әлеуметтік қайшылықтарға басты назар аударылды. Ұлттық зиялылардың рөлі көбіне теріс бағаланып, жекелеген қайраткерлердің әрекеттері тап күресі тұрғысынан түсіндірілді. Сонымен қатар көтеріліс 1917 жылғы революциялық оқиғаларға алып келген жалпы революциялық үдерістің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды.

Бұл тәсіл қозғалыстың әлеуметтік-экономикалық себептерін ашуға мүмкіндік берді. Дегенмен ол көтерілістің ұлттық және отаршылдыққа қарсы мазмұнын толық түсіндіру мүмкіндігін шектеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін зерттеушілер бұрын қалыптасқан бағаларды қайта қарастыру мүмкіндігіне ие болды. Ғылыми еңбектерде отарлық жер саясатына, қозғалыстың ұлт-азаттық сипатына, қазақ зиялыларының қызметіне, өңірлік ерекшеліктерге және жазалау шараларының қасіретті салдарына баса назар аударыла бастады. Архивтік құжаттар, оқиға куәгерлерінің

естеліктері, мерзімді басылым материалдары мен ауызша тарих деректері ғылыми айналымға кеңінен енгізілді.

Қазіргі тарихнамада 1916 жылғы оқиғалар Орталық Азия мен Ресей империясының тарихы аясында да зерттеледі. Көтеріліс Қазақстан аумағын ғана емес, Түркістан өлкесінің басқа да бөліктерін қамтыды. Қырғызстандағы оқиғалар ерекше қасіретті сипат алып, тарихи жадта «Үркүн» деген атаумен сақталды. Өңірлерді салыстырмалы зерттеу қозғалыстың ортақ себептерімен қатар, жер қатынастарына, демографиялық жағдайға және жергілікті әкімшіліктің әрекеттеріне байланысты ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Көтерілістегі діни және сыртқы саяси факторлардың рөлі де пікірталас тудырады. Империялық әкімшіліктің кейбір өкілдері қозғалысты панисламдық немесе шетелдік үгіт-насихаттың ықпалымен түсіндіруге тырысты. 1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызын бірнеше қырынан қарастыруға болады.
Біріншіден, көтеріліс Ресей империясының отарлық жүйесіндегі дағдарыстың тереңдігін көрсетті.

Екіншіден, көтеріліс ұлттық сананың дамуына ықпал етті. Бірыңғай басшылық болмағанына қарамастан, халықтың әртүрлі топтары жерін, ұлттық қадір-қасиетін және өз тағдырын өзі айқындау құқығын қорғау үшін күресті.

Үшіншіден, 1916 жылғы оқиғалар қазақ қоғамындағы саяси күрес стратегияларының әртүрлі болғанын көрсетті. Халықтың бір бөлігі қарулы қарсылық жолын таңдаса, ұлттық зиялылар келіссөздер, баспасөз және заңды саяси тәсілдер арқылы халықтың мүддесін қорғауға ұмтылды.

Төртіншіден, көтеріліс ауыр демографиялық және шаруашылық зардаптарға әкелді. Жазалау экспедициялары, қарулы қақтығыстар, шаруашылықтардың күйреуі және халықтың мәжбүрлі көші-қоны көптеген адамның қаза болуына себеп болды.

Бесіншіден, көтеріліс 1917 жылғы революциялар қарсаңындағы Ресей империясының жалпы дағдарысының маңызды көріністерінің бірі болды.

1916 жылғы оқиғалар төңірегіндегі ғылыми пікірталастар отарлық саясаттың ерекшеліктерін, ұлттық сананың дамуын және қазақ қоғамының саяси мәдениетінің қалыптасуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Көтерілістің тарихи маңызы қарулы қарсылықтың ауқымымен ғана емес, халықтың өз құқықтары, жері мен ұлттық қадір-қасиеті үшін күресінің маңызды кезеңі болуымен анықталады. Сонымен бірге бұл оқиғалар туралы тарихи жад адам шығындары мен зорлық-зомбылықтың қасіретті салдарын да қамтуға тиіс. Осындай кешенді көзқарас біржақты бағалардан бас тартып, 1916 жылғы көтерілістің тарихи мазмұнын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

Негізгі зерттеулер

1. Тұрсынбаев А.Б. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. – Москва: Издательство АН СССР, 1962.
2. Рысқұлов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году // Т. Рысқұловтың таңдамалы еңбектері.
3. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
5. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993.
6. Сапарғалиев Ғ. Карательная политика царизма в Казахстане (1905–1917 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1966.
7. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994.

Құжаттар мен материалдар жинақтары

8. Восстание 1916 года в Казахстане: документы и материалы / ред. А.В. Пясковский. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1947.

«Национально-освободительное движение народов Средней Азии, Южной Сибири и Казахстана как часть мирового революционного процесса»

Абдрахманова Алина

Жаксиев Кошкарбай Жумашович

Атырауский высший медицинский колледж

Национально-освободительное движение народов Средней Азии, Южной Сибири и Казахстана в конце XIX – начале XX века представляет собой сложное, многоплановое явление, которое долгое время рассматривалось в советской историографии исключительно как часть классовой борьбы. Однако современные исследования позволяют утверждать, что это движение имело как внутренние корни, так и тесную связь с мировым революционным процессом.

Актуальность данной темы обусловлена необходимостью объективного переосмысления истории межнациональных отношений и антиколониальной борьбы на постсоветском пространстве. Понимание этих процессов важно для формирования гражданской идентичности и сохранения исторической памяти в современных независимых государствах Центральной Азии и Сибири.

Цель исследования – выявить общие закономерности и региональные особенности национально-освободительного движения народов Средней Азии, Южной Сибири и Казахстана, а также определить его место в мировом революционном процессе начала XX века.

Новизна работы заключается в комплексном сравнительном анализе трёх регионов, ранее изучавшихся изолированно друг от друга, а также в рассмотрении движения не только как ответа на колониальную политику, но и как спонтанной реакции на глобальные идеологические сдвиги, вызванные мировыми войнами и революциями.

Период с конца XIX века по 1920-е годы стал временем мощного подъёма национально-освободительных движений по всей Евразии. В Османской империи, Иране, Индии, Китае и других странах разворачивались процессы, направленные против колониального и феодального гнёта. Народы Средней

Азии, Казахстана и Южной Сибири не стали исключением. В Казахстане ключевым событием стало восстание 1916 года, охватившее Тургайскую, Уральскую, Семиреченскую и другие области. Непосредственным поводом стал царский указ о мобилизации инородческого населения на тыловые работы. Однако глубинные причины были иными: массовое изъятие земель в пользу переселенцев, налоговый гнёт, ограничения в самоуправлении. Восстание приобрело черты народной войны: наиболее организованным было движение под руководством Амангельды Иманова в Тургайской степи.

Таблица 1 – Основные очаги восстания 1916 года в Казахстане и Средней Азии

Регион	**Руководители**	**Характер требований**
Тургайская область	А.Иманов, А.Джангильдин	Создание автономии, возврат земель
Семиреченская область	Т.Бокин, Б.Ашекеев	Прекращение мобилизации, отмена налогов
Ферганская долина	Курширмат	Соединение с антиколониальным движением в Туркестане
Памирские районы	Местные ханы	Сохранение традиционного уклада, выход из-под власти

В Средней Азии наибольшего размаха национально-освободительное движение достигло в Туркестанском крае, который представлял собой многонациональный и многоконфессиональный регион с высоким уровнем социального расслоения. Здесь антиколониальные выступления имели две основные формы: стихийные народные восстания, вызванные земельными изъятиями, произволом местной администрации и мобилизациями в годы Первой мировой войны, а также организованное реформаторское движение джадидизма. Джадидисты (от арабского усул-и джадид — «новый метод») выступали за создание светских школ, реформирование исламского образования, равноправие женщин, развитие национальной печати и театра. Со временем их требования приобрели политический характер: они добивались культурно-национальной автономии в составе будущей демократической России. Наиболее

яркими представителями джадидизма в Туркестане были Махмудходжа Бехбуди, Абдурауф Фитрат, Мунаввар Кары Абдурашидханов. Их идеи находили живой отклик среди молодёжи, интеллигенции и части торгово-промышленных слоёв коренного населения. Кульминацией политической активности в Туркестане стали события 1917–1918 годов. После Февральской революции здесь возникло множество национальных советов, комитетов и партий. В ноябре 1917 года на IV Чрезвычайном краевом мусульманском съезде в Коканде была провозглашена Кокандская автономия (также известная как Туркестанская автономия). Было сформировано Временное народное правительство во главе с Мустафой Чокаевым. Автономия заявила о намерении управлять всей территорией Туркестанского края, ввести национальный язык в делопроизводство, создать собственные вооружённые силы и судебную систему. Однако уже в феврале 1918 года большевистские отряды под командованием К. Осипова и местные армянские дружины штурмом взяли Коканд, уничтожив при этом, по разным данным, от 5 до 14 тысяч мирных жителей. Кокандская автономия была подавлена, а многие её лидеры эмигрировали или ушли в подполье. Разгром автономии стал одной из главных причин последующего басмаческого движения, которое охватило Ферганскую долину, Бухару и Хиву в 1920–1930-х годах.



Рисунок 1 – География национально-освободительного движения в 1916–1918 гг. (Средняя Азия, Казахстан, Южная Сибирь).

Мировой революционный процесс оказал прямое влияние на эти движения. Идеи Февральской и Октябрьской революций 1917 года в России были восприняты местной элитой как сигнал к ослаблению центральной власти. В то же время лозунг «права наций на самоопределение», провозглашённый большевиками, временно привлёк на их сторону часть национальной интеллигенции, разочарованной политикой Временного правительства.

Однако после прихода большевиков к власть и начала политики «военного коммунизма», продразвёрстки и насильственной коллективизации начался новый этап сопротивления – басмаческое движение в Средней Азии и ряд восстаний в Казахстане (особенно в 1920–1930-х годах). Парадокс заключался в том, что антиколониальное движение, начавшееся как часть борьбы против царизма, объективно ослабило империю, чем воспользовались большевики, но затем оно же превратилось в борьбу уже против советской власти.

Таким образом, национально-освободительное движение народов рассматриваемых регионов было не изолированным периферийным явлением, а органической частью мирового революционного процесса. Оно питалось как местными противоречиями, так и глобальными сдвигами – кризисом империй, распространением социалистических и национальных идеологий, Первой мировой войной.

В результате проведённого исследования можно сделать следующие выводы:

1. Национально-освободительное движение народов Средней Азии, Южной Сибири и Казахстана возникло на почве глубоких социально-экономических противоречий колониального типа, но его динамика и формы находились в прямой зависимости от общемировых революционных событий.
2. Общей чертой для всех трёх регионов стало сочетание традиционных (родоплеменные восстания, религиозные течения) и современных (джадидизм, автономизм) форм сопротивления.
3. Региональная специфика проявлялась в степени организованности

(наиболее высокий уровень в Казахстане под руководством чоканников и алашордынцев) и в характере взаимодействия с русским населением (от вооружённого конфликта до временных тактических союзов).

4. Мировой революционный процесс оказал двойственное влияние: с одной стороны, он дал новые идеологические инструменты и ослабил угнетателя (царскую империю), с другой – привёл к установлению нового, советского типа колониализма, против которого также пришлось бороться.

Перспективы дальнейшего изучения темы связаны с углублённым анализом архивных документов на национальных языках, а также с компаративными исследованиями, сопоставляющими опыт народов России с опытом антиколониальных движений в Азии и Африке того же периода.

Список использованной литературы:

1. Аманжолова Д.А. Казахстан в составе Российской империи: проблемы колониальной истории. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2019. – 340 с.

2. Литвинов П.П. Национально-освободительное движение народов Сибири в конце XIX – начале XX века. – Новосибирск: Наука, 2018. – 210 с.

3. Турсунов Х.Т. Восстание 1916 года в Туркестане: история и современность. – Ташкент: Узбекистан, 2017. – 185 с.

4. Мухамеджанов Б.Г. Алаш Орда: идея казахской государственности и мировой революционный процесс. // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва. – 2020. – №4. – С. 45–58.

5. Батчаев Д.М. Бурханизм как форма антиколониального протеста на Алтае // Этнографическое обозрение. – 2017. – №2. – С. 78–91.

Историческое значение восстания 1916 года в Кыргызстане

Джакшилыкова Аяна

Сарбаева Чолпон Джаналиевна

Каракольский медицинский колледж им. ак. И.Ахунбаева

События 1916 года занимают особое место в истории народов Средней Азии. Это было не просто восстание, а масштабное выступление против колониальной политики Российской империи. Для кыргызского народа эти события стали одновременно борьбой за свободу и большой трагедией, последствия которой ощущаются до сих пор. В 1916 году на территории Средней Азии произошло крупное народное восстание, направленное против власти Российской империи. В нём участвовали представители разных народов: кыргызы, казахи, узбеки, таджики и туркмены. Эти события стали важной частью истории Кыргызстана. Особенно тяжело эти годы вспоминаются в кыргызских семьях. Истории об Уркуне передаются из поколения в поколение и связаны с потерями близких. Многие люди погибли в горах, не выдержав холода, голода и тяжёлого пути. Люди покидали свои дома, пытаясь спастись и сохранить свободу. К началу XX века кыргызские земли уже находились под управлением Российской империи. Со временем у местного населения начали забирать плодородные земли и пастбища. Это сильно ударило по традиционному образу жизни, так как основным занятием было скотоводство. Ситуация ещё больше обострилась летом 25 июня 1916 года, когда император Николай II издал указ о привлечении мужчин в возрасте от 19 до 43 лет к тыловым работам во время войны. Для населения это стало последней причиной для начала массового недовольства. Первые выступления начались в начале июля 1916 года в районе Ходжента. Очень быстро волнения охватили значительную часть Туркестанского края, включая территории современного Кыргызстана. Восстания распространились на Иссык-Кульскую, Чуйскую, Нарынскую и Таласскую области, а также южные районы Ферганской долины. Наиболее тяжёлые события произошли на севере Кыргызстана. Власти ответили жёсткими

мерами: в регион были направлены военные отряды. Это привело к массовым жертвам среди мирного населения. Многие жители были вынуждены бежать в Китай. Особенно большое количество людей покинуло район Иссык-Куля. Путь проходил через труднодоступные горные перевалы, такие как Бедел, Санташ и Сары-Жаз. Из-за отсутствия еды и тёплой одежды большое число людей погибло ещё в дороге. Сложная ситуация сложилась и в Нарынском регионе. Люди пытались перейти через перевал Торугарт, но из-за суровых погодных условий и



ранней зимы многие не смогли выжить. По приблизительным данным, за пределы страны ушли сотни тысяч кыргызов. Значительная часть из них погибла в пути. Некоторые исследователи считают, что население северной части Кыргызстана сократилось почти наполовину. в Китай ушло от 150 до 250 тысяч кыргызов; погибло от 100 до 270 тысяч человек. Даже те, кто добрался до территории Китая, продолжали испытывать трудности: болезни, нехватка пищи и тяжёлые условия жизни. В отдельных случаях людям приходилось продавать имущество или даже расставаться с детьми, чтобы спасти их от голода. Долгое время тема этих событий практически не обсуждалась. Лишь после обретения независимости Кыргызстана появилась возможность открыто говорить о трагедии Уркуна. События 1916 года стали серьезным испытанием для кыргызского народа. Несмотря на огромные потери, люди не отказались от стремления к свободе и смогли сохранить свою идентичность. Сегодня память об Уркуне остаётся важной частью исторического сознания. Она напоминает о трагедии прошлого и одновременно о силе народа, который сумел пережить тяжёлые времена и сохранить своё достоинство.



Кейкі батыр – ұлт азаттығы жолындағы күрескер

Кубей Айша

Медеубаева Айнур Култасовна

Жезқазған жоғары медициналық колледжі

Аннотация

Бұл ғылыми-зерттеу жұмысында қазақ халқының азаттығы жолындағы күресінің көрнекті өкілі Кейкі батыр Нұрмағамбет Көкембайұлының өмір жолы мен тарихи қызметі қарастырылады. Батырдың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістегі рөлі, Кеңес билігіне қарсы күресі және оның тарихи тұлғасының тәуелсіз Қазақстандағы маңызы талданады. Зерттеу барысында тарихи деректер мен ғылыми еңбектер негізінде Кейкі батырдың қазақ халқының бостандығы жолындағы күрестегі орны айқындалады.

Кіріспе

Қазақ халқының тарихы ел тәуелсіздігі мен жер тұтастығын қорғау жолында күрескен батырларға бай. Солардың бірі – Кейкі батыр атанған Нұрмағамбет Көкембайұлы. Ол XX ғасырдың басында қазақ даласында орын алған ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді қатысушысы ғана емес, азаттық идеясын өмірінің соңына дейін қорғаған тұлға болды.

Кеңестік кезеңде Кейкі батырдың қызметіне объективті баға берілмеді. Оның есімі ұзақ уақыт бойы халық жадынан өшірілуге тырысты. Тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана батырдың тарихи тұлғасы қайта зерттеліп, оның ерлігіне әділ баға беріле бастады.

Осыған байланысты Кейкі батырдың өмір жолын, азаттық күресіндегі орнын және тарихи мұрасын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты

Кейкі батырдың өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу арқылы оның қазақ халқының азаттық қозғалысындағы тарихи орнын анықтау.

Зерттеудің өзектілігі

Қазіргі таңда ұлттық тарихты жаңаша зерделеу, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және ұлт азаттығы үшін күрескен тұлғалардың қызметін ғылыми тұрғыдан бағалау маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Кейкі батырдың өмірі мен қызметін зерттеу арқылы жастардың тарихи санасын қалыптастыруға және отансүйгіштік рухын нығайтуға болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Зерттеу барысында Кейкі батырдың азаттық қозғалыстағы қызметі тарихи деректер негізінде қарастырылып, оның тәуелсіздік жолындағы күрескер ретіндегі бейнесі ашылады.

Негізгі бөлім

1.Кейкі батырдың өмір жолы



Нұрмағамбет Көкембайұлы, халық арасында Кейкі батыр атымен белгілі, 1871 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Ол Орта жүздің Қыпшақ тайпасынан шыққан. Кейкі бала кезінен аңшылықпен айналысып, ерекше мергендігімен көзге түседі.

Оның «Кейкі» атануы туралы түрлі аңыздар бар. Кейбір деректерде оның өте шапшаң қимылдайтындығы мен мергендігіне байланысты осылай аталғаны айтылады. Жастайынан әділдігімен, батылдығымен танылған ол халық арасында үлкен беделге ие болды.

Қазақ қоғамында ер азаматтың ел қорғауы басты міндеттердің бірі саналған. Кейкі батыр да осы дәстүрді жалғастырып, туған халқының мүддесін қорғауды өмірлік мақсатына айналдырды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және Кейкі батыр

1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы бойынша қазақ жастарын тыл жұмыстарына алу туралы шешім халықтың жаппай наразылығын туғызды. Бұл наразылық Қазақстанның көптеген өңірлерінде көтеріліске ұласты.

Торғай өңіріндегі көтеріліс ең ірі көтерілістердің бірі болды. Оның басшысы Амангелді Иманов болса, Кейкі батыр оның ең сенімді серіктерінің

қатарынан көрінді.Кейкі батыр көтерілісшілердің мергендер жасағын басқарды. Оның әскери шеберлігі мен дәл көздеуі көптеген шайқастарда көтерілісшілерге артықшылық берді. Батырдың басқаруымен көтерілісшілер патша әскерлеріне бірнеше рет соққы берді.

Тарихи деректерде Кейкі батырдың ерекше мергендігі туралы көптеген мәліметтер кездеседі. Ол бірнеше жүз метр қашықтықтағы нысананы дәл көздеп атып түсірген. Сондықтан халық арасында оның аты аңызға айналды.

Торғай даласындағы көтеріліс қазақ халқының азаттыққа деген ұмтылысын көрсетті. Осы қозғалыстың белсенді ұйымдастырушыларының бірі ретінде Кейкі батырдың есімі тарихта мәңгі қалды.

Азамат соғысы жылдарындағы қызметі

1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінен кейін Қазақстан аумағында саяси жағдай күрделене түсті. Ел ішінде түрлі саяси күштер билік үшін күресті.

Кейкі батыр бұл кезеңде де халық мүддесін қорғауды жалғастырды. Ол Амангелді Имановпен бірге әрекет етіп, Торғай өңіріндегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсенді қатысты.

Алайда уақыт өте келе елдегі жағдайдың шиеленісуі және жаңа биліктің жүргізген саясаты халық арасында наразылық туғызды. Кейкі батыр да кеңестік биліктің кейбір әрекеттерімен келіспей, қарулы қарсылық көрсетті.

Кеңес билігіне қарсы күрес

1920 жылдардың басында Кеңес үкіметі Қазақстан аумағында өз билігін толық орнатуға кірісті. Жергілікті халықтың мүддесі әрдайым ескеріле бермеді. Бұл жағдай көптеген өңірлерде қарсылық қозғалыстарының тууына себеп болды.

Кейкі батыр өз төңірегіне сенімді серіктерін жинап, халықтың құқығын қорғауға тырысты. Кеңестік билік оны қауіпті қарсылас ретінде бағалады.

1922–1923 жылдары батырды қолға түсіру үшін арнайы әскери жасақтар ұйымдастырылды. Ұзақ уақыт бойы қуғын көрген Кейкі батыр туған жерінде еркіндік үшін күресін тоқтатпады.

Оның күресінің басты мақсаты – қазақ халқының бостандығы мен ұлттық мүддесін қорғау болды.

Кейкі батырдың қаза болуы

1923 жылы Кеңес үкіметінің арнайы жасағы Кейкі батырды қолға түсіріп, атып өлтірді. Батырдың денесі қорланып, бас сүйегі Ресейге әкетілді.

Бұл оқиға қазақ халқы үшін ауыр тарихи қасіреттердің бірі болды. Батырдың сүйегі ұзақ жылдар бойы туған жерінен тыс жерде сақталды.

Тек тәуелсіздік жылдарында тарихи әділеттілік орнап, мемлекет тарапынан батырдың мұрасын зерттеу жұмыстары жүргізілді. 2016 жылы Кейкі батырдың бас сүйегі Ресейден Қазақстанға қайтарылды. Бұл тарихи оқиға халықтың рухани өмірінде ерекше маңызға ие болды.

Кейкі батыр тұлғасының тарихи маңызы

Кейкі батыр – қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің символы. Оның өмір жолы ұлттық намыс, ерлік және туған жерге деген адалдықтың үлгісі болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанда батыр есімін ұлықтау бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Ғылыми зерттеулер жүргізіліп, деректі фильмдер түсірілуде, ескерткіштер орнатылуда.

Кейкі батыр тұлғасы жастарды елін сүюге, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және тарихи сананы қалыптастыруға тәрбиелейді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Кейкі батыр Нұрмағамбет Көкембайұлы – қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен көрнекті тарихи тұлға. Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің белсенді жетекшілерінің бірі болып, халқына адал қызмет етті.

Кеңестік кезеңде оның тарихи рөлі толық бағаланбағанымен, тәуелсіздік жылдарында батырдың есімі халқымен қайта қауышты. Кейкі батырдың ерлігі мен қайсарлығы бүгінгі ұрпақ үшін патриотизмнің, елге қызмет етудің және ұлттық рухтың жарқын үлгісі болып қала береді.

Батырдың өмір жолын зерттеу – ұлттық тарихымызды терең түсінуге, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге және жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ энциклопедиясы. Кейкі Көкембайұлы.
2. E-history.kz. Кейкі батырға қатысты мұрағаттық деректер.
3. Қостанай өңірінің тарихи зерттеулері. Кейкі батыр тұлғасы туралы мақалалар.
4. Tengrinews.kz. «Кейкі батыр жайлы не білеміз?» мақаласы.
5. Кейкі Көкембайұлының өмірі мен күресі (1916–1923).

Амангелді Иманов – халық қаһарманы, көтеріліс басшысы

Ұлықпаш Жаннұр

Махамбетова Айнур Жагипаровна

Қызылорда медициналық жоғары колледжі

Жұмыстың мақсаты: Амангелді Имановтың қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысындағы тарихи рөлін ашып көрсету, оның 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырудағы басшылық қызметін жан-жақты талдау.

Өзектілігі: Амангелді Иманов – қазақ халқының тарихындағы азаттық жолындағы күрестің көрнекті жетекшілерінңі бірі. Амангелді Имановтың тарихи тұлғасын жаңа көзқарас тұрғысынан қарастыру.

Жаңашылдығы: Амангелді Имановтың тұлғасын тек 1916 жылғы көтерілістің басшысы ретінде ғана емес, халық мүддесін қорғаған, ел азаттығы жолында күрескен тарихи тұлға ретінде кешенді түрде қарастыру.

XX ғасырдың басы – қазақ халқы үшін әлеуметтік күйзелістер мен саяси оянудың маңызды кезеңі болды. Осы дәуірде елдің еркіндігі мен әділеттілігі жолында күрескен көптеген тұлғалар тарихта ерекше орын алады. Солардың бірі – Амангелді Иманов. Ол отаршыл саясатқа қарсы тұрған ұйымдастырушы, әділдік пен азаттықты ту еткен ержүрек күрескер ретінде халық жадында сақталды. Оның өмір жолы, көзқарасы мен ерлігі ұлттық бірліктің нышанына айналды.

Амангелді Үдербайұлы Иманов 1873 жылы 3 сәуірде Торғай уезі Қайдауыл болысының 3 (Терісбұтақ) ауылында (қазіргі Қостанай облысы, Амангелді ауданы) дүниеге келген. Әкесі Үдербай егіншілік пен аңшылықты кәсіп еткен. Анасы Қалампыр Торғай мен Ұлытау өңіріне танымал Бердікей руының ішіндегі Сары ишан әулетінен тараған. Медреседе оқыған, көзі ашық, білімді болған. Амангелді Имановтың арғы атасы – қара қыпшақ Қобыланды батыр. Оның екінші әйелі Қарлығадан Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалық есімді бес ұл туады. Ұзыннан Алтыс, одан Бөкей, Бөкейден – Кедел – Мәмбет – Сары – Әлібек – Сатыбалды. Сатыбалдыдан Бегімбет пен Әбдірахман туады. Амангелді – Бегімбеттен тараса, Әбдіғапар – Әбдірахманның ұлы Тілеулі батырдың ұрпағы. Бегімбеттің 8 ұлы болған, ең үлкені – Қақай. Қақайдан – Дулат, Дулаттан – Иман. Иманнан – Бердәлі, Ержан, Балық және Үдербай есімді төрт ұл туады, осы төртеуі де Кенесарының соңынан еріп, көптеген шайқаста ерлік көрсеткен. Бердәлі мен Ержан әкесі Иманмен бірге хан Кененің қырғызға жасаған жорығында қаза болса, Балық пен Үдербай ретін тауып, елге аман оралған. Амангелді бала күнінен әкесі мен оның ағасы Балықтан Хан Кене мен атасы Иманның ерліктері туралы айтқан әңгімесін тыңдап, солар секілді ер мінезді болып өседі. Жеті жасында әкесінен, он үш жасында анасынан айырылған. Ауыл молдасынан арабша сауат ашқан. Ал 12 жасында Дулыға өзенінің бойындағы Әбдірахман ишанның медресесіне оқуға барған. Сол жерде араб, парсы мен түрік тілдерін жетік меңгеріп шығады. 16 жастан кейін байларға жалданып жұмыс істейді. Немере ағасы Көшімбек орысша-қазақша екі жылдық мектеп ашқаннан кейін оған да барып оқиды. Екі жыл білім алады, орыс тілін үйренеді. Аңшылық құрып, мергендігімен де аты шыққан. [1]

Ауқатты адамдарға жалға тұрып жүріп, еңбекші халықтың тартқан қайғы-қасіретін, ауыр тұрмысын көреді. Оның бойында самодержавиеге, қоғамда тереңдеп кеткен әлеуметтік теңсіздік пен езгіге деген өшпенділік осы кезден-ақ қалыптаса бастады. Байқоңыр көмір кенінде темір ұстасы болған жылдары орыс жұмысшыларымен араласып, таптық сана-сезімі оянады. 1905-1907 жылдары орыстың 1-революциясының азаттық идеясы ықпалымен

шаруалардың байларға қарсы қарулы күресіне қатысады. Социал-демократтардың жергілікті жердегі большевиктер тобымен тығыз байланыс жасап, шаруалар бұқарасының ұлт-азаттық күресін басқарушы ретінде бүкіл Торғай даласына атағы жайылды. 1896-1908 жылдары патша өкіметі оны «сенімсіз» адам деп тауып, бірнеше рет түрмеге отырғызды. [2]

Амангелдінің есімі қазақ халқының тарихындағы аса бір даңқты кезең — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліспен тығыз байланысты. Империализм қайшылықтарының шегіне жете шиеленісуінің нағыз айғағы болған бұл көтеріліс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталып, халықтың бостандығын көздеді. Бұқара халықтың бұл қозғалысы қазақ жігіттерін майдандағы қара жұмысқа алу жөніндегі патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығынан кейін өрістей түсті. Сол кезде қазақтарда метірке куәлігі болған жоқ. Патша жарлығын орындауға кіріскен байлар осыны пайдаланып, кедейлерді жасына қарамай, тізімге қоса бастады. Байлармен қатар ауыл басқарушылары, имамдар, молдалар, есепшілер, мемлекеттік мекемелердің шенеуніктері тыл жұмыстарынан босатылды. Олардың туыстары мен балалары да тізімге ілінбей қалды. Парақорлық белең алды. Болыстық басқарушыға жұмылдырудан босатылған әр адам үшін 20, тіпті, 30 басқа дейін жылқы төленді. Қара халық оған шыдай алмады. [3]

Аманкелді Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Атбасар, Перовск т.б. қалаларға өз өкілдерін жіберіп, жұмысшы-шаруаларды патша өкіметіне қарсы күреске шақырады. Төзгісіз қанауға ұшырап, жерінен айырылған қазақ кедейлері Амангелдінің отрядына лек-легімен келіп қосылып жатты. 1916 жылдың қазан айында тек Торғай мен Ырғыз уездерінде ғана 20 шақты отряд құрылады. Аманкелді отрядтарға қатаң тәртіп енгізді. Көтерілісшілерді қару-жарақты қолдана білуге және соғыс өнерін меңгеруге үйретті. Амангелдінің көтерілісшілер отряды патша өкіметінің жергілікті органдарына қарсы бірнеше ұрыс жүргізіп, 1916 жылы қазанда Торғай қаласын қоршауға алды. Осы операцияда Амангелдінің ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты айқын көрінді. Оның қол астындағы 50 мың сарбазы ерліктің, табандылықтың

тамаша үлгісін көрсетті. Патша үкіметі Амангелдінің шабуылын тойтару үшін жазалаушы корпус жіберуге мәжбүр болды. Тек жаудың негізгі күштері келіп жеткеннен кейін ғана, 27 күннен соң Амангелді өз сарбаздарын қаладан алып кетті. 1917 жылы қаңтарда ол қаланы басып алуға қайта әрекет жасады, бірақ күш тең болмағандықтан ел ішіне кетеді. Бұл кездерде Амангелді большевиктермен, оның ішінде Ә.Жангелдинмен байланысты күшейтіп, большевиктер партиясының идеясымен қарулана түсті. Уақытша үкімет кезіндегі алашордашыларға қарсы күрес жүргізді, бұқара халыққа пролетарлық революцияның маңызын түсіндірді.

Амангелді Иманов 1917 жылы 21-23 ақпан аралығында подполковник Тургеневтің үлкен жасағына қарсы Құмкешу-Доғал-Үрпектегі соңғы шайқасына тікелей басшылық жасады. Осы ұрыстардың қай-қайсында да екі жақтан да шығын аз болған жоқ. Әсіресе, Күйік соғысында сарбаздар жаудың басым күшін тас-талқан етіп өздерінің ерлігін таныта білді. Амангелді жауды айламен алуға тырысты. Себебі сарбаздардың басым көпшілігі қылыш, найза, айбалта сияқты қарулармен ғана жасақталған еді. Ал патша әскерлерінде зеңбіректер көп болды.[4]

Қазан революциясының алғашқы күндерінен-ақ Амангелді бұрынғы көтерілісшілерден қызыл партизандар отрядын құрып, Кеңес өкіметін қорғау және нығайту күресіне белсене араласты. Торғай уезінің соғыс комиссары болып тағайындалды. 1918 жылы наурызда Амангелді Кеңестердің облыстық сьезіне қатысты. 1918 жылы шілдеде Кеңес қызметкерлерінің бір тобын басқарып, Торғай уезінде ауылдық және облыстық Кеңестердің сайлауын өткізді. Азамат соғысы жылдарында Ә.Жангелдинмен бірге Қазақстанда тұңғыш ұлттық Қызыл Әскер бөлімдерін ұйымдастырады. Колчак әскерінің тылындағы партизандарға көмектесті. 1918 жылы қарашада Амангелді және Ә. Жангелдин басқарған отряд ақ гвардияшылардан Торғай қаласын азат етті. Шығыс майданда Колчак армиясының шабуылға шығуына байланысты алашордашылар 1919 жылы 20 сәуірде да төңкеріс жасап, Амангелдіні қолға түсірді. Торғайда Кеңес өкіметі таратылғаннан кейін алашорданың әскери кеңесінің шешімімен Амангелді

тұтқынға алынып, ату жазасына кесілді. Мәйіті бір жылдан кейін әуелі Алакөлге, кейін аудан орталығына әкелініп жерленді. Қабірінің басына Қазақстанның халық суретшісі Х.Наурызбаев жасаған әдемі ескерткіші орнатылды. [5]

Батырдың ұрпақтары - Рамазан, Шәріп есімді екі ұл мен бауырына басқан қызы Мәкен. Бүгінде немере, шөберелері, жиендері Қазақстанның әр өңірлерінде тұрады.

Амангелді Имановтың ерлікке толы ғұмыры Ж.Жабаев, О.Шипин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, орыс жазушылары П.Кузнецов, Л.Соболев, Д.Снегин сияқты көптеген ақын-жазушылар шығармаларына арқау болды. 1938 жылы режиссер Моисей Левиннің «Амангелді» кинофильмі экранға шықты, сценаристер қатарында қазақ жазушылары Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов те болды. Ал қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы Әбілхан Қастеев өзінің ең танымал туындыларының бірі – Амангелді Имановтың портретін салды. [6]

Амангелді Имановтың тарихи тұлғасы тек бір көтеріліспен шектелмейді. Ол: отарлық езгіге қарсы халық күресінің жетекшісі болды; ұлт тағдырын өз тағдырынан биік қойған қайраткер еді; батылдық пен рухтың үлгісін көрсетті; халықты ұйымдастырып, өз билігіне ұмтылуға жол ашты; XX ғасырдағы ұлттық сана мен күрес идеясын жандандырды.

Амангелдінің өмірі – қарапайым халық өкілі ел тағдырын шешуге атсалысқанда қандай үлкен өзгерістерге бастамашы бола алатынын дәлелдейді. Оның есімі ұлт рухының тірегіне айналды, ал ерлігі – ұрпаққа ұмытылмас өнеге. Еліміздің еркіндігі мен болашағы үшін күрескен Амангелді Иманов әрдайым құрметпен аталатын тарихи тұлға болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сулейменова К. «Амангелді Иманов – халық қаһарманы, көтеріліс басшысы» Информатор журналы, 13.07.2025 ж.

2.Шарапатов А. «Қазақстан тарихы» дәрістер жинағы 2010 ж, 282-294 бб

3.Мусина А. «Амангелді Иманов – халық батыры» Саран газеті, 24.05.2023 ж.

4. Оңжанұлы С. «Ұлты ұлықтаған батыр» **А.Иманов атындағы Амангелді мемориалдық музейі.**

5. «Амангелді Иманов-халық батыры» Қармақшы таңы газеті, 06.04.2023 ж.

6. «1916 жыл: тарих пен саясат» Ақтөбе газеті, 19.03.2016ж.

Ұлт бостандығы жолындағы 1916 жылғы көтеріліс.

Оңғарбай Айжан

Булдырыкова Айнур Кожахметовна

Шымкент жоғары медицина колледжі

Аннотация

В статье рассматривается национально-освободительное движение 1916 года как важный этап борьбы казахского народа за свободу и независимость. Анализируются причины, ход и историческое значение восстания, роль руководителей движения, а также влияние событий 1916 года на формирование национального самосознания и идеи независимости.

Кіріспе.

Қазақ халқының тарихында азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күрес ерекше орын алады. Сол тарихи оқиғалардың ішіндегі ең ірілерінің бірі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Бұл қозғалыс Ресей империясының отарлық саясатына қарсы бағытталып, халықтың ұлттық бостандыққа деген ұмтылысын көрсетті.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында 1916 жылғы көтерілісті зерттеудің маңызы зор. Өйткені бұл оқиға жастардың тарихи санасын қалыптастырып, ел тәуелсіздігінің қадірін түсінуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбы қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Себебі бұл тарихи оқиға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы

күресінің жарқын көрінісі болып табылады. Көтерілісті зерттеу арқылы біз ел тарихын тереңірек түсініп, ұлттық құндылықтарды бағалауға үйренеміз.

Қазіргі жаһандану кезеңінде жастардың бойында ұлттық сана, отансүйгіштік қасиет және тарихи жадыны қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда 1916 жылғы көтеріліс тақырыбы білім алушылардың патриоттық тәрбиесінде ерекше рөл атқарады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Мақаланың ғылыми жаңалығы – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті тек патша үкіметіне қарсы көтеріліс ретінде ғана емес, қазақ халқының тәуелсіздік идеясының қалыптасуына ықпал еткен тарихи құбылыс ретінде қарастыруында. Сонымен қатар мақалада көтерілістің Алаш Орда қозғалысымен тарихи байланысы және ұлттық сананың өсуіне әсері көрсетіледі.

Көтерілістің себептері

XX ғасырдың басында қазақ жері толықтай Ресей империясының отарына айналды. Патша үкіметі қазақ халқының шұрайлы жерлерін қоныс аударушыларға беріп, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын ауырлатты.

Көтерілістің басты себебі – 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы болды. Ресей императоры II Николай қазақ және Орта Азия халықтарының 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын майданның тыл жұмысына алу туралы бұйрық шығарды. Бұл шешім халықтың ашу-ызасын туғызды.

Сонымен қатар тізім жасаудағы әділетсіздік, жер мәселесі және әлеуметтік теңсіздік халық наразылығын күшейтті.

Көтеріліс барысы және басшылардың рөлі

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысында халықты ұйымдастырып, азаттық күреске бастаған көтеріліс жетекшілерінің рөлі ерекше болды. Олар ел ішіндегі саяси тұрақсыздық кезеңінде халықтың мүддесін қорғап, отарлық саясатқа қарсы күресте батылдық пен ерліктің үлгісін көрсетті. Көтеріліс басшыларын зерделеу арқылы қазақ халқының ұлттық бірлігі мен тәуелсіздік жолындағы күресінің тарихи маңызын терең түсінуге болады.

Көтерілістің ең көрнекті жетекшілерінің бірі – Амангелді Иманов. Ол Торғай өңіріндегі көтерілісті ұйымдастырып, халық жасақтарын басқарды. Амангелді Иманов көтерілісшілер арасында тәртіп орнатып, әскери қимылдарды үйлестіре білді. Оның батырлығы мен ұйымдастырушылық қабілеті халықтың рухын көтеріп, көтерілістің кең таралуына ықпал етті.

Сонымен қатар Әбдіғапар Жанбосынов Торғай өңіріндегі көтерілісшілердің ханы болып сайланып, ел басқару ісінде маңызды қызмет атқарды. Ол халықтың бірлігін сақтап, көтерілісшілердің саяси мақсаттарын айқындауға күш салды.

Жетісу өңіріндегі көтерілісте Бекболат Әшекеев ерекше ерлік көрсетті. Ол патша үкіметінің әділетсіз саясатына қарсы шығып, халықты күреске шақырды. Бекболат Әшекеевтің ерлігі халық арасында кеңінен танылып, азаттық жолындағы күрестің символына айналды.

Көтеріліс жетекшілерінің қызметін зерттеу барысында олардың тек әскери қолбасшы ғана емес, ел тағдырына алаңдаған саяси тұлғалар болғанын көрсетеді. Олар халықтың азаттығы мен ұлттық мүддесі үшін күресіп, кейінгі ұрпаққа отансүйгіштік пен ерліктің үлгісін қалдырды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихында есімдері кеңінен танылған батырлармен қатар, аты тарихта сақталмай қалған қарапайым халық өкілдері де болды. Олар – көтерілістің белгісіз батырлары.

Көтеріліске малшылар, шаруалар, қолөнершілер, мұғалімдер мен ауыл жастары қатысты. Олар көтерілісшілерге азық-түлік жеткізіп, жараланғандарға көмек көрсетіп, хабар тасушы қызметін атқарды. Көптеген адамдар қару-жарақтың аздығына қарамастан ел тәуелсіздігі үшін күресті.

Әсіресе қазақ әйелдерінің рөлі ерекше болды. Олар көтерілісшілердің отбасыларына қамқорлық жасап, халықтың рухын сақтауға үлес қосты. Алайда олардың еңбегі ұзақ уақыт бойы толық зерттелмей келді.

Көтеріліс кезінде көптеген адамдар қаза тауып, кейбірі Қытай жеріне босып кетуге мәжбүр болды. Олардың тағдыры халық жадында сақталғанымен, есімдері ресми құжаттарда көп кездеспейді.

Қорытынды

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс — қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы маңызды тарихи күресі. Көтеріліс халықтың еркіндікке, теңдікке және ұлттық бостандыққа деген ұмтылысын көрсетті.

Көтеріліс батырларының ерлігі бізге, жастарға үлгі болып, азаматтық жауапкершілік пен ұлттық сана қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл біздің ел болашағына бейжай қарамайтын, отансүйгіш азамат болып қалыптасуына негіз болады. Өйткені тарихи оқиғаларды зерттеу арқылы біз тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегенін түсінеміз.

Бұл тарихи оқиға қазақ халқының ұлттық санасының өсуіне, тәуелсіздік идеясының қалыптасуына үлкен әсер етті. Бүгінгі күні 1916 жылғы көтерілісті зерттеу жастардың тарихи білімін тереңдетіп қана қоймай, патриоттық сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер

1. Қазақстан тарихы. — Алматы: Атамұра, 2012.
2. Асфендияров С. **1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс.** – Алматы.
3. https://kk.encyclopedia.kz/index.php/
4. https://e-history.kz
5. https://kazneb.kz (КазНЭБ)
6. https://en.wikipedia.org/wiki/Central_Asian_revolt_of_1916

Истоки независимости: взгляд на восстание 1916 года через призму современности

Махмудова Эльназа

Жумашев Марат Нуржанович

Высший медицинский колледж города Шымкент

Введение

Каждый народ имеет события, которые становятся символом его стремления к свободе и справедливости. Для Казахстана одним из таких событий является национально-освободительное восстание 1916 года. Оно стало крупнейшим выступлением против колониальной политики Российской империи и важной страницей в истории борьбы казахского народа за свои права.

Сегодня, в условиях независимого Казахстана, обращение к событиям 1916 года приобретает особую актуальность. Изучение исторического прошлого способствует формированию национального самосознания, укреплению гражданской ответственности и воспитанию патриотизма среди молодежи. Понимание причин и последствий восстания позволяет глубже осознать ценность независимости, достигнутой благодаря многолетней борьбе предшествующих поколений.

Актуальность исследования

Актуальность темы обусловлена необходимостью сохранения исторической памяти и формирования у студентов объективного представления о национально-освободительной борьбе казахского народа. В условиях глобализации особое значение приобретает изучение событий, способствовавших укреплению национальной идентичности и государственности.

Восстание 1916 года является важным историческим уроком, демонстрирующим стремление народа к свободе, защите своих прав и сохранению национального достоинства. Его изучение способствует

воспитанию уважения к истории страны и укреплению чувства ответственности за будущее Казахстана.

Цель исследования

Изучить историческое значение национально-освободительного восстания 1916 года и определить его роль в формировании идеи независимости Казахстана.

Задачи исследования

1. Рассмотреть причины возникновения восстания 1916 года.
2. Изучить основные этапы и центры восстания.
3. Проанализировать последствия восстания для Казахстана и Средней Азии.
4. Определить значение восстания в развитии национального самосознания.
5. Раскрыть роль данного исторического события в патриотическом воспитании молодежи.

Методы исследования

В ходе работы использовались следующие методы:

- историко-сравнительный анализ;
- изучение научной литературы и архивных материалов;
- анализ исторических источников;
- систематизация и обобщение полученных данных.

Применение данных методов позволило комплексно рассмотреть восстание 1916 года как важный этап национально-освободительного движения.

Причины восстания 1916 года

К началу XX века положение казахского населения значительно ухудшилось вследствие колониальной политики Российской империи. Массовое переселение крестьян из европейской части России сопровождалось изъятием лучших земель у местного населения. Это приводило к сокращению пастбищ, ухудшению экономического положения кочевых хозяйств и росту социальной напряженности.

Непосредственным поводом к восстанию стал царский указ от 25 июня 1916 года о мобилизации мужчин коренных народов в возрасте от 19 до 43 лет

на тыловые работы во время Первой мировой войны. Население восприняло данный указ как нарушение справедливости и проявление дискриминационной политики.

Таким образом, восстание стало результатом накопившихся социальных, экономических и политических противоречий.

Основные этапы и центры восстания

Восстание охватило практически всю территорию Казахстана и ряд районов Средней Азии. Наиболее крупные очаги сопротивления возникли в Тургайской, Семиреченской, Акмолинской и Сырдарьинской областях.

Особенно масштабным было Тургайское восстание, которое отличалось высокой степенью организованности. Руководители движения стремились создать собственную систему управления и координации действий повстанцев.

Несмотря на массовую поддержку населения, повстанцы испытывали нехватку вооружения и военной подготовки. Царское правительство направило против восставших регулярные войска, что привело к подавлению движения. Многие участники были арестованы или погибли, тысячи людей покинули родные земли.

Результаты и обсуждение

Проведенное исследование показывает, что восстание 1916 года имело огромное историческое значение для народов Казахстана и Средней Азии.

Во-первых, оно продемонстрировало высокий уровень национального самосознания и готовность народа отстаивать свои права.

Во-вторых, восстание стало важным этапом развития национально-освободительного движения. Несмотря на поражение, оно способствовало формированию политически активной части общества, которая в дальнейшем участвовала в процессах национального возрождения.

В-третьих, события 1916 года укрепили идею самостоятельного развития народа и оказали влияние на формирование будущих государственно-политических процессов.

Современные историки рассматривают восстание как одну из важнейших предпосылок дальнейшего развития национальной идеи, которая впоследствии нашла свое воплощение в независимости Республики Казахстан.

Научная новизна исследования

Научная новизна работы заключается в рассмотрении восстания 1916 года не только как реакции на мобилизационный указ царского правительства, но и как значимого этапа формирования национального самосознания и исторической основы независимости Казахстана.

Комплексный анализ позволяет выявить связь между освободительной борьбой начала XX века и современными процессами укрепления национальной государственности.

Теоретическая значимость

Теоретическая значимость исследования заключается в расширении представлений о национально-освободительных движениях Центральной Азии и их влиянии на общественно-политическое развитие региона. Материалы работы способствуют более глубокому пониманию исторических процессов, связанных с борьбой народов за свободу и независимость.

Практическая значимость

Практическая значимость заключается в возможности использования результатов исследования:

- при изучении истории Казахстана;
- в подготовке докладов и научных проектов;
- при проведении классных часов и воспитательных мероприятий;
- в работе по патриотическому воспитанию молодежи;
- в формировании уважительного отношения к историческому наследию страны.

Значение восстания для воспитания патриотизма

Одной из важнейших задач современного образования является воспитание гражданина и патриота своей страны. История восстания 1916 года

позволяет молодому поколению увидеть примеры мужества, стойкости и самоотверженности своих предков.

Понимание того, какой ценой сохранялись национальные ценности и право народа на самостоятельное развитие, способствует формированию уважения к государственным символам, историческому наследию и достижениям независимого Казахстана.

Изучение событий 1916 года помогает воспитывать чувство гордости за свою Родину и ответственности за ее будущее.

Заключение

Национально-освободительное восстание 1916 года занимает особое место в истории Казахстана и Средней Азии. Оно стало ярким проявлением стремления народа к свободе, справедливости и сохранению национального достоинства.

Несмотря на поражение, восстание оказало значительное влияние на развитие национального самосознания и стало важным этапом на пути к независимости. Сегодня память о событиях 1916 года сохраняет свою актуальность, способствуя укреплению патриотизма, гражданской ответственности и уважения к историческому прошлому страны.

Таким образом, восстание 1916 года является не только значимым историческим событием, но и важным источником духовно-нравственного воспитания современной молодежи.

Список литературы

1. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5 томах. – Алматы: Атамұра, 2010.
2. Нурпеисов К.Н. Национально-освободительное движение в Казахстане в 1916 году. – Алматы: Казахстан, 1987.
3. Материалы по истории национально-освободительного движения народов Центральной Азии. – Алматы, 2016.

Участие казахских женщин в восстании 1916 года

Орцханова Хава

Кудайбергенова Жулдыз Салимгереевна

Кокшетауский высший медицинский колледж

Роль женщин в национально-освободительном движении 1916 года в Казахстане и Центральной Азии долгое время оставалась в тени, однако современные исторические исследования показывают, что женщины внесли колоссальный вклад в сопротивление. Они не просто обеспечивали тыл, но и становились активными участницами протестов, инициаторами бунтов и даже брали в руки оружие.

Участие женщин в восстании можно разделить на несколько ключевых направлений:

1. «Женские бунты» и уничтожение мобилизационных списков

Поскольку указ Николая II напрямую угрожал выживанию семей (забирали единственных кормильцев в разгар сенокоса), именно женщины часто становились инициаторами первых стихийных столкновений:

Они первыми выходили к волостным правлениям, требуя отменить указ.

Исторические хроники фиксируют случаи, когда группы женщин нападали на местных чиновников, отбирали, рвали и сжигали призывные списки. Карательным отрядам сложнее было применять оружие против безоружных женщин на начальном этапе, и этим пользовались повстанцы.

2. Прямое участие в боевых действиях

В критические моменты, когда царские войска окружали аулы, женщины сражались наравне с мужчинами: они участвовали в засадах, помогали удерживать оборонительные позиции и отбивать атаки карателей.

Женщины и девушки нередко становились искусными наездницами и связными, которые на высокой скорости прорывались через окружение, чтобы передать важные донесения между повстанческими отрядами.

3. Обеспечение тыла и снабжение армии

Без организованного тыла многотысячная армия повстанцев не смогла бы продержаться несколько месяцев. Женщины помогали собирать свинец, ковали наконечники для пик и стрел, шили патронташи. На их плечи лег заготовление провизии для бойцов, выпечка хлеба, сушка курта. Они шили теплую одежду и обувь для партизан, уходивших в степь на зимовку. Женщины выполняли функции военно-полевых санитарок — выхаживали раненых в боях сарбазов (воинов), используя методы народной медицины.

4. Трагедия исхода («Уркун») и защита детей

Когда начались жестокие карательные экспедиции и массовые сожжения аулов, на женщин легла тяжелейшая задача — спасение детей и стариков. Во время трагического исхода сотен тысяч беженцев через заснеженные горные перевалы Тянь-Шаня в Китай, женщины проявляли невероятное мужество, делясь последней едой и одеждой, чтобы сохранить жизни подрастающего поколения.

Историки подчеркивают, что именно женщины Степного края и Туркестана первыми оказали открытое физическое сопротивление царскому указу от 25 июня.

Главной движущей силой этих стихийных протестов были матери, жены и сестры потенциальных призывников. В условиях, когда большинство мужчин еще колебалось или находилось на совещаниях у старейшин, женщины переходили к радикальным действиям, так как указ обрекал их детей и семьи на голодную смерть в условиях суровой зимы.

В традиционном восточном обществе женщина редко проявляла открытую уличную агрессию. Местная администрация (волостные управители и аульные старшины) и царские стражники терялись, когда на них шла разъяренная толпа женщин. Каратели на начальном этапе психологически не были готовы открывать огонь по безоружным матерям.

Главным оружием женщин на первом этапе были не ружья, а палки, кетмени и серпы. Они шли на штурм волостных канцелярий с одной целью — отобрать и сжечь списки призывников. Физическое уничтожение бумаг делало

мобилизацию технически невозможной, так как у колониальной администрации не оставалось копий с именами и возрастом мужчин.

В исторических документах и народной памяти сохранились имена конкретных предводительниц таких бунтов. Одним из самых ярких символов женского сопротивления стала Акбала.

Когда в ее аул прибыли чиновники «туземной администрации» для оглашения царского указа и составления списков молодых джигитов, мужчины аула находились в замешательстве. Понимая, что волостные управители за взятки вычеркивают детей баев и вписывают только бедняков, Акбала открыто выступила против колониальных ставленников.

Она призвала других женщин аула к активному сопротивлению. Собравшись в группу, они ворвались в здание волостного правления, устроили погром, изгнали писарей и стражников.

Акбала лично выхватила тетради с посемейными списками призывников и публично сожгла их. Этот поступок послужил сигналом для мужчин: страх перед властью исчез, и аул открыто примкнул к вооруженному сопротивлению, отказавшись выдавать людей на тыловые работы.

Пример Акбалы и сотен других безымянных участниц «женских бунтов» показал, что восстание 1916 года было подлинно народным и общенациональным. Именно отчаянный протест женщин часто становился той искрой, которая превращала пассивное недовольство мужчин в активную партизанскую войну. Участие в бунтах сломало патриархальные стереотипы о покорности степных женщин. Защищая свои семьи, они проявили беспрецедентную гражданскую смелость, став полноценными субъектами политической борьбы в Центральной Азии.

Наряду с массовыми стихийными «женскими бунтами», направленными на уничтожение списков мобилизации, история сохранила имена выдающихся казахских женщин, чья отвага вышла далеко за рамки локальных протестов. Одной из самых знаковых и трагических фигур этой эпохи является Айгыз Кошкинбаева. Она родилась в Аягозском регионе (ныне область Абай). С юных

лет она отличалась сильным, волевым характером и обостренным чувством справедливости. Будучи зрелой 40-летней женщиной, Айгыз глубоко сопереживала трагедии своего народа. Она не просто поддерживала повстанцев, но и стала одним из организаторов снабжения и координации местных отрядов сопротивления в Семипалатинской области. Она собирала провизию, координировала помощь раненым и помогала скрывать джигитов, отказавшихся подчиниться указу о тыловых работах. Айгыз поверила в идеалы революции, надеясь, что она принесет свободу и равноправие коренному населению степи.

В период ожесточенных столкновений, когда Аягоз был временно захвачен белогвардейскими отрядами генерала Колчака, Айгыз Кошкинбаева проявила невероятное мужество. Она была схвачена карателями, подверглась жестоким допросам, но не выдала своих соратников и смело встретила смерть. В современном Казахстане память о ней увековечена: её именем названы улицы и образовательные учреждения в Семее и Аягозе.

Молодые девушки, благодаря превосходному знанию степных дорог и умению уверенно держаться в седле, выполняли смертельно опасную роль степных курьеров. Они проскакивали сквозь посты регулярных войск, предупреждая повстанческие отряды о приближении карательных экспедиций.

Тысячи женщин круглосуточно трудились в отдаленных аулах и партизанских лагерях. Они не только готовили еду и выхаживали раненых, но и буквально вручную ковали оружие.

Заключение.

Примеры Акбалы и Айгыз Кошкинбаевой доказывают, что события 1916 года стали переломным моментом для самосознания казахских женщин. Защищая свои семьи, они вышли на передовую политической и вооруженной борьбы, навсегда вписав свои имена в историю национально-освободительного движения.

Steppe in Revolt: The 1916 Akmola Uprising

Saparov Rassul

Kussainova Gulden Kuanyshbekovna

Kokshetau Higher Medical College

Abstract

The 1916 uprising in Central Asia grew out of long-standing land dispossession, wartime hardship, and the imperial decree ordering the mobilization of local men for rear-line labour. In Akmola, protest developed into an organized resistance movement that brought together nomadic communities and industrial workers. This paper explores the causes of the uprising, its leadership and methods of resistance, the clashes near the Terisakkan and Kypshak rivers, and the movement's place in the history of Kazakhstan's national-liberation struggle.

Keywords: Akmola; 1916 uprising; Kazakhstan; land policy; mobilization; sarbazy; Alash; national-liberation movement

1. A Steppe Under Pressure: Land and Wartime Hardship

The uprising of 1916 did not begin out of nowhere. For decades, changes in imperial land policy had placed growing pressure on the traditional way of life of Kazakh communities. Regulations adopted in 1886 and 1891 strengthened the authority of the Russian Empire over the steppe and enabled land to be transferred to the state resettlement fund. As more land was allocated to incoming settlers, local families faced shrinking access to fertile pastures, wintering grounds, and familiar migration routes.

These changes became even harder to bear after the outbreak of the First World War in 1914. The authorities requisitioned livestock—including horses, camels, and cattle—for military needs, often offering compensation that local people considered unfair. Additional taxes and the loss of animals weakened household economies already under strain. For pastoral communities, livestock was not simply property: it was a source of food, transport, trade, and survival. The cumulative effect of land loss and wartime demands created deep resentment across the steppe.

2. The Immediate Trigger: The Decree of 25 June 1916

On 25 June 1916, Tsar Nicholas II issued a decree calling up men from the empire's so-called 'non-Russian' population for rear-line defensive and construction work. The planned mobilization placed a heavy burden on the Steppe Governor-Generalship and Turkestan. It also came at a particularly difficult moment: summer was a crucial season for agricultural work and pastoral life, and taking working-age men away threatened the livelihood of entire families.

The decree turned long-standing grievances into an immediate crisis. Many people feared not only the loss of their labour, but also unfairness in the recruitment process. Reports of poorer families being placed on lists while wealthier households escaped service intensified anger toward local officials.

Kazakh society did not respond as one unified bloc. Leaders associated with the Alash movement, including Alikhan Bukeikhanov and Akhmet Baitursynov, warned that an armed confrontation with the better-equipped imperial forces could bring devastating losses. They supported petitions, negotiations, and efforts to secure a postponement and more orderly arrangements. Other community leaders and pastoralists, convinced that peaceful appeals would not protect their families and rights, chose armed resistance. Although the authorities postponed the start of mobilization in the steppe, the delay did not resolve the deeper causes of discontent. Steppe Governor-General Nikolai Sukhomlinov delayed the draft to September 15, the concession came too late to quell the uprising.



Figure 1: The Ereymentau People's Council (August 1916). Election of Khan Satbay-kaji and military leadership.

3. Organizing Resistance: Leaders and a Broad Social Coalition

By the summer of 1916, resistance had spread across parts of Akmola, including the Korgalzhyn, Karabulak, Korzhynkol, Ereymentau, and Selety areas. In Ereymentau, participants are reported to have elected Satbay-kaji as khan and appointed Syzdyk-batyr (Beysenuly) as military commander. Other named organizers included Moldazha Zhadaev, Kuanysh-kaji, Ospan Shonuly, Nurlan Kiyashuly, Rakhymzhan Madiuly, Zhakyp Myrzakozhauly, and Adilbek Maykotov.

One notable feature of the Akmola movement was the participation of industrial workers alongside nomadic communities. Miners, metalworkers, and railway workers from places such as Petropavlovsk, Kokchetav, Atbasar, Karaganda, Dzhezkazgan, Baikonur, and Spassk were connected with the resistance. This cooperation suggests that the uprising cannot be understood only as a rural protest: it also reflected wider social tensions in a region being reshaped by imperial administration, migration, and industrial development.

Some accounts estimate that the number of insurgents in the Akmola district reached as many as 40,000.[5]



Figure 2: Mobilization of the Sarbazy across Akmola Steppes. Cavalry armed with spears, lances, and hunting weapons.

4. Unequal Forces: Guerrilla Tactics and the River Clashes

The insurgents faced a serious military disadvantage. Imperial units had access to firearms, machine guns, artillery, and organized supply networks, while many rebels relied on horses, spears, hunting weapons, and whatever rifles and ammunition they could obtain. In response, resistance groups used mobile tactics: disrupting communications, attacking supply routes, and launching quick raids before withdrawing from stronger imperial detachments.

The fighting near the Terisakkan and Kypshak rivers in late October 1916 is described as a major turning point.



Figure 3: The Climax on the Terisakkan and Kypshak Rivers (Late October 1916).

Thousands of insurgents reportedly confronted punitive detachments supported by Cossack cavalry. Courage and local knowledge could not fully compensate for the difference in weapons and military resources. Rebel positions were overcome, and accounts name Alsen Shomshiuly, Mametbay Shabatuly, and Isa Dauletbekov among the commanders who died in the clashes.

These defeats were not simply military episodes. They brought loss to families and communities already weakened by requisitions and land pressure, while demonstrating the limits faced by lightly armed groups confronting the imperial army.

5. Repression, Continued Resistance, and Historical Significance

The suppression of major rebel camps did not immediately end resistance. The source account describes executions of captured leaders, confiscation of livestock, and further clashes in remote parts of Akmola into early 1917. It also reports that some insurgents moved toward the neighbouring Turgay region, where forces associated with Abdugappar Zhanbosynov and Amangeldy Imanov continued the struggle.

The Akmola uprising formed part of the wider 1916 national-liberation movement in Kazakhstan and Central Asia. Its causes were interconnected: land dispossession, wartime requisitions, unequal treatment, and the forced mobilization decree. Its participants were also diverse, bringing together pastoral communities and workers whose lives were being transformed by imperial rule.

Remembering the uprising means looking beyond the dates of battles. It means asking what happens when communities lose access to land, when wartime demands deepen existing inequalities, and when people feel that official decisions leave them no peaceful way to defend their livelihoods. The events of 1916 remain significant because they reveal both the scale of resistance to colonial rule and the heavy human cost of that resistance.

Conclusion

The 1916 uprising in Akmola was shaped by years of pressure on land and livelihoods, then accelerated by the forced mobilization decree. Although imperial military superiority enabled the authorities to suppress the principal centres of resistance, the uprising exposed the depth of opposition to colonial policies and became an important chapter in Kazakhstan's national-liberation history.

References and Archival Sources

1. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fund 64: Steppe Governor-Generalship administrative records (1891–1916).
2. Collection of documents: The 1916 Uprising in Central Asia and Kazakhstan. The document titles supplied with the original paper include "1916.docx" and "Восстание Акмола.docx"; full publication details should be added before submission.
3. Regulations for the Administration of the Akmola, Semipalatinsk, Semirechye, Ural, and Turgay Provinces (1886, 1891). Full bibliographic details should be verified.
4. Bukeikhanov, A., Baitursynov, A., and Dulatov, M. (1916). Public appeals and statements concerning the 25 June mobilization decree. Exact titles and publication details should be verified.

5. Среднеазиатское восстание 1916 года — Википедия

1916 жылғы Торғай көтерілісі және қазақ халқының ұлттық санасының оянуы, Тәуелсіздікке қадам.

Жалғасбай Гүлсін

Жанажанова Айым Аманқызы

Арқалық медицина колледжі

1916 жылғы Торғай өңіріндегі ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресінің тарихындағы ең ұйымдасқан және бұқаралық сипат алған оқиғалардың бірі болып саналады. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл көтерілісті тек қарулы қарсылық ретінде емес, ұлттық сананың оянуы мен ұлттық бірегейліктің қалыптасуы тұрғысынан зерттеу ерекше өзектілікке ие.

Торғай көтерілісін ұлттық сананы оятудың маңызды кезеңі ретінде қарастыру, Амангелді Иманов пен Әбдіғапар Жанбосынов бастаған қозғалыстың халықты біріктіру, хандық билік институтын жаңғырту әрекеттері және кейінгі Алаш қозғалысы мен тәуелсіздік идеяларымен сабақтастығын ғылыми тұрғыдан негіздеу. Бұрынғы кеңестік тарихнамада көбінесе таптық күрес ретінде бағаланған оқиғаны ұлттық-саяси азаттық күресі ретінде қайта бағалау маңызды. 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы қазақ даласындағы отарлық езгінің шырқау шегі болды. Жарлық бойынша 19–43 жас аралығындағы «бұратана» ер азаматтар майданның тыл жұмыстарына шақырылды. Бұл шара жерді тартып алу, салықтардың артуы, орыстандыру саясаты және Бірінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығымен ұштасып, халықтың наразылығын күрт күшейтті. Торғай облысы көтерілістің ең ірі және ұйымдасқан ошағына айналды. Мұндағы қозғалыс стихиялық наразылықтан басталып, бір орталықтан басқарылатын әскери-саяси күреске ұласты. Дәл осы ерекшелік Торғай көтерілісін қазақ халқының ұлттық санасын оятудағы шешуші факторға айналдырды.

Торғай уезінде көтеріліс 1916 жылдың жазында басталды. Халық арасынан Әбдіғапар Жанбосынов хан болып сайланды, ал Амангелді Үдербайұлы Иманов сардарбек (бас қолбасшы) міндетін атқарды. Амангелді Иманов көтерілісшілерді ондық, елулік, жүздік және мыңдыққа бөліп, тәртіпті әскери құрылым құрды. Арнайы мергендер бөлімшесі ұйымдастырылды. Көтеріліс шыңында оның қарамағында шамамен 50 мың жауынгер болды.

1916 жылғы 22 қазанда Амангелді бастаған 15 мыңға жуық көтерілісші Торғай қаласын қоршауға алды. Қоршау бірнеше күнге созылды. Кейін партизандық күрес әдістеріне көшіп, Бетпаққара даласында жазалаушы отрядтарға қарсы тұрды. Көтеріліс Торғай, Ырғыз, Ақтөбе және Қостанай уездерін түгелге жуық қамтыды.

Бұл ұйымдасқан сипат – хандық билікті қалпына келтіру әрекеті, орталықтандырылған басқару және әскери тәртіп – қазақ қоғамындағы ұлттық сананың жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Халық тек жеке мүдде үшін емес, ортақ ұлттық мақсат үшін бірікті.

Ұлттық сананың оянуындағы рөлі

1916 жылғы Торғай көтерілісі қазақ халқының ұлттық санасын оятуда бірнеше маңызды рөл атқарды:

1. Ұлттық бірлікті нығайту. Әртүрлі рулар (қыпшақ, арғын т.б.) мен әлеуметтік топтар бір ту астында топтасты. Бұл – Кенесары Қасымұлынан кейінгі тұңғыш жалпыұлттық сипаттағы қозғалыс болды.

2. Саяси сананың өсуі. Халық патша жарлығына қарсы шығумен ғана шектелмей, өз билігін (хан сайлау) орнатуға, әскери құрылым құруға ұмтылды. Бұл – ұлттық мемлекеттілік идеясының бастапқы көрінісі еді.

3. Отаршылдыққа қарсы ұлттық ұстанымның қалыптасуы.
Көтеріліс отарлық саясаттың барлық түрлеріне (жерді тартып алу, мәжбүрлі жұмысқа алу, орыстандыру) қарсы бағытталды. Халық өз құқықтарын қорғау қажеттілігін түсінді.

4. Кейінгі қозғалыстарға негіз қалау. Торғай көтерілісінің тәжірибесі Алаш қозғалысының қалыптасуына, ұлттық интеллигенцияның белсенділігіне және

1917 жылдан кейінгі автономия идеяларына ықпал етті. Ұлттық сананың оянуы 1991 жылғы тәуелсіздікке дейінгі ұзақ тарихи процестің маңызды бөлігі болды.

Көтеріліс барысында туған жыр-толғаулар, халық әдебиеті де ұлттық сананы нығайтуға қызмет етті. Амангелді батыр тұлғасы ұлттық батыр идеалына айналды.

Теориялық тұрғыдан зерттеу барысында ұлт-азаттық қозғалыстар теориясын, ұлттық бірегейліктің қалыптасу механизмдерін және отаршылдыққа қарсы күрестің сабақтастығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ол қазақ тарихнамасындағы ұлттық сана эволюциясын зерттеуге үлес қосады.

Ұлттық бірегейлікті нығайту және тарихи сананы қалыптастыру. Торғай көтерілісінің тәжірибесі қазіргі мемлекеттілік пен егемендікті қорғаудың тарихи негіздерін көрсетеді.

Тәуелсіздікке қарай тарихи қадам

Торғай көтерілісі тәуелсіздікке апарар жолдың маңызды буыны болды:

• Алаш қозғалысына негіз. 1916 жылғы оқиғалар ұлттық интеллигенцияны саяси белсенділікке итермеледі. Алаш қайраткерлері халықтың оянған санасын ескеріп, 1917 жылы Алаш Орда автономиясын жариялауға ұмтылды. Көтеріліс ұлттық автономия идеясын күшейтті.

• Мемлекеттілік идеясының пісіп-жетілуі. Хандық билікті жаңғырту әрекеті мен орталықтандырылған басқару тәжірибесі кейінгі ұлттық мемлекет құру ұмтылыстарына практикалық негіз берді.

• Тарихи сабақтастық. 1916 → 1917–1920 (Алаш) → Кеңестік кезеңдегі ұлттық құрылыс → 1991 жылғы Тәуелсіздік. Торғай көтерілісі осы ұзақ процестің бастапқы және маңызды кезеңі ретінде бағаланады. Ол қазақ халқының бостандыққа деген ұмтылысының үздіксіздігін дәлелдеді.

Осылайша, 1916 жылғы Торғай көтерілісі тек бір жылдың оқиғасы емес, тәуелсіздікке қарай жасалған тарихи қадам болды.

Қорытынды

1916 жылғы Торғай көтерілісі қазақ халқының ұлттық санасының оянуындағы маңызды бетбұрыс болды. Амангелді Иманов пен Әбдіғапар

Жанбосынов бастаған қозғалыс халықты біріктіріп, ұлттық мемлекеттілік идеясының негізін қалады. Ол тек қарулы қарсылық емес, ұлттық сананың жаңа деңгейге көтерілуінің айқын көрінісі еді. Бұл тарихи оқиғаны зерттеу тәуелсіз Қазақстанның рухани негіздерін тереңірек түсінуге және болашақ ұрпаққа ұлттық рухтың үлгісін беруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қаһарлы 1916 жыл» Ю.И.Романов, Ж.Б.Сулейменов. 1998 ж.

2. Уикипедия және ғылыми мақалалардағы мәліметтер (Амангелді Иманов, Әбдіғапар Жанбосынов).

3. «Торғай көтелісі» Әбдіғалиұлы Б. 2016 ж.

Events of 1916 in Kazakhstan: Origins, development and historical significance

Хамхоева Динара

Байшагирова Динар Каирбековна

Кокшетауский высший медицинский колледж

Abstract

The article examines the liberation movement of 1916 in the territory of Kazakhstan as one of the most significant events in the national history of the early twentieth century. It analyzes the main causes and prerequisites of the movement, its nature, main stages, and consequences for Kazakh society. Particular attention is paid to the Tsarist decree of June 25, 1916, concerning the recruitment of the local population for rear-area labor, the land policy of the Russian Empire, and the intensification of administrative and socio-economic pressure. The article also examines the influence of the events of 1916 on the formation of the national consciousness of the Kazakh people and the subsequent development of socio-political thought.

Keywords: 1916, national liberation movement, Kazakhstan, Tsarist policy, land issue, national consciousness, uprising, rear-area labor.

Introduction

The history of the national liberation movement of 1916 occupies a special place in the history of Kazakhstan. It was a large-scale uprising against the colonial policy of the Russian Empire that covered a significant part of the territory of Kazakhstan and Central Asia. The events of 1916 resulted from accumulated socio-economic, political, and national contradictions.

Studying this topic remains important today, as it provides a deeper understanding of the historical processes that influenced the formation of the national consciousness of the Kazakh people. Examining the events of 1916 makes it possible to consider not only the immediate causes of the uprising but also the long-term consequences of colonial policy and the fate of people who found themselves at the center of these historical events.

Relevance of the Study

The relevance of the study is determined by the need for an objective examination of the events of 1916 as an important stage in the national liberation struggle of the people of Kazakhstan. The uprising cannot be viewed solely as a reaction to the decree of June 25, 1916. Its prerequisites had developed over a long period and were associated with the reduction of the lands available to the local population, resettlement policies, increased taxation, and restrictions on the traditional way of life.

Particular relevance is attached to the human dimension of these events: the situation of the ordinary population, the scale of casualties, forced migration, and the consequences of the suppression of the uprising. Preserving the historical memory of the events of 1916 contributes to developing young people's interest in the history of their country and respect for its historical heritage.

Aim of the Study

The aim of the study is to examine the causes, main manifestations, significance, and consequences of the 1916 liberation movement in Kazakhstan and to determine its role in the development of the national consciousness of the Kazakh people.

Objectives of the Study

1. To examine the main socio-economic and political prerequisites of the 1916 movement.
2. To analyze the role of the Tsarist decree of June 25, 1916, in the development of protest movements.
3. To examine the specific features of the movement in different regions of Kazakhstan.
4. To identify the main consequences of the suppression of the uprising for the population.
5. To demonstrate the historical significance of the events of 1916 for the subsequent development of the national liberation idea.

Novelty of the Study

The novelty of the study lies in the comprehensive examination of the 1916 liberation movement through the interrelationship of political, socio-economic, and demographic factors. Particular attention is paid to the fact that the immediate cause of the mass protests was the decree on the mobilization of the population for rear-area labor, while the causes of the conflict were much deeper and had developed over the preceding decades.

The novelty also lies in the focus on the consequences of the movement for the ordinary population: the loss of land and property, the destruction of households, human casualties, and the forced migration of part of the population beyond the territory of Kazakhstan.

Main Part

1. Prerequisites and Causes of the Movement

By the beginning of the twentieth century, the socio-economic situation of the Kazakh population had deteriorated considerably. One of the most acute issues was the land question. As a result of the resettlement policy of the Russian Empire, the

territories traditionally used by the local population were reduced. This led to changes in the traditional economic system and increased social tensions.

The land issue was closely intertwined with administrative reforms and increasing control by the imperial administration. The Kazakh population faced taxes, various obligations, and restrictions on the ability to independently manage their traditional territories of residence.

With the beginning of the First World War, economic difficulties intensified. The war required significant material and human resources from the state. Rising prices, increasing obligations, and the deteriorating socio-economic situation of the population contributed to further growth of discontent.

The immediate cause of the mass uprising was Emperor Nicholas II's decree of June 25, 1916, which provided for the recruitment of men from the local population of the Turkestan and Steppe regions, aged 19 to 43, for rear-area labor.

For a population that had previously been exempt from military service, this decision came as a serious shock. In addition, there were concerns about the fairness of compiling the lists of those subject to mobilization. Conflicts related to the implementation of the mobilization arose in various localities.

2. Development of the Movement

In the summer of 1916, uprisings spread across a significant part of the territory of Kazakhstan. The largest centers of the movement emerged in the Torgai and Semirechye regions.

In the Torgai region, one of the well-known leaders of the movement was Amangeldy Imanov. Here, the uprising acquired an organized character; armed detachments were formed, and the number of participants increased significantly.

In Semirechye, the movement also gained considerable momentum. However, the suppression of the uprising was accompanied by the use of armed force, which resulted in numerous casualties and the destruction of households.

It should be noted that the movement was not entirely uniform. It had specific characteristics in different regions, and representatives of the Kazakh public elite held differing attitudes toward the events of 1916. Some members of the intelligentsia

sought to prevent mass bloodshed and advocated compliance with the decree with a delay and the organization of mobilization in a safer manner. Other representatives of the population supported armed resistance.

Thus, the events of 1916 represented a complex socio-political process combining social protest, national discontent, and resistance to colonial policy.

3. Suppression of the Movement and Its Consequences

The Tsarist administration sent military units against the participants of the movement. As a result of the armed suppression, the population suffered significant losses. Many settlements were destroyed, and people lost their property and means of subsistence.

One of the most tragic consequences of the events of 1916 was the forced migration of part of the Kazakh population to China. The situation was particularly difficult for the population of Semirechye. People were forced to leave their homes, crossing mountain passes and facing harsh natural conditions.

Mass migration resulted in significant human losses. People faced hunger, disease, and a lack of housing and food. The return of some refugees became possible later, following changes in the political situation in the Russian Empire.

The economic consequences were also significant. The destruction of households, loss of livestock and land, and population decline in certain areas negatively affected the socio-economic condition of Kazakh society.

4. Historical Significance of the Movement

Despite its defeat, the 1916 movement was of great historical significance. It demonstrated the scale of popular dissatisfaction with the colonial system and showed the people's desire to protect their social, economic, and national interests.

The events of 1916 contributed to the further growth of national consciousness. Kazakh society increasingly reflected on issues of national rights, land, education, culture, and the political future.

The activities of the Kazakh intelligentsia were of particular importance. Representatives of the national intelligentsia sought to protect the population from

repression while simultaneously searching for political ways to resolve the problems that had accumulated.

In the long-term historical perspective, the events of 1916 became an important part of the process of developing national political thought. They influenced public sentiment, which manifested itself during the revolutionary events of 1917 and the subsequent development of the national movement.

Conclusion

The liberation movement of 1916 became one of the most significant events in the history of Kazakhstan in the early twentieth century. It emerged not only as a reaction to the decree of June 25, 1916, but also as a result of the long-term accumulation of socio-economic and national contradictions.

The main prerequisites of the movement included the land problem, resettlement policy, increased taxes and obligations, restrictions on the traditional way of life, and the general deterioration of the population's situation during the First World War. The decree on recruiting the local population for rear-area labor became the immediate cause of the mass uprisings.

The suppression of the movement was accompanied by significant human casualties, the destruction of households, and the forced migration of a considerable part of the population. The events in Semirechye were particularly tragic, as many families were forced to leave their native lands and seek refuge outside Kazakhstan.

At the same time, the historical significance of the movement extends beyond its immediate outcomes. The events of 1916 demonstrated the people's aspiration to protect their lands, traditional way of life, and national interests. They contributed to the further development of national consciousness and influenced the socio-political processes of subsequent years.

The study of the history of the 1916 liberation movement is important not only for understanding the past but also for fostering historical memory among the younger generation. An objective and comprehensive examination of these events makes it possible to gain a deeper understanding of Kazakhstan's complex path of development

and the importance of national unity, civic responsibility, and the preservation of historical heritage.

References

1. *History of Kazakhstan from Ancient Times to the Present Day*. In five volumes. Almaty: Atamura.

2. Klyashtorny, S. G., & Sultanov, T. I. *Kazakhstan: A Chronicle of Three Millennia*. Almaty: Rauan.

3. Kozybayev, M. K. *History of Kazakhstan: White Spots*. Almaty.

4. Nursipov, K. *Alash and Alashorda*. Almaty.

5. Suleimenov, B. S., & Basin, V. Ya. *Kazakhstan within the Russian Empire in the 18th – Early 20th Centuries*. Almaty.

6. *History of Kazakhstan (from Ancient Times to the Present Day)*. In five volumes. Almaty.

7. *Materials on the History of the National Liberation Movement in Kazakhstan in 1916*.

Образ Амангельды Иманова в произведениях искусства

Сикибаев Даниял

Касымова Айжан Асылгалиевна

Кокшетауский высший медицинский колледж

«История сохраняет события, а искусство сохраняет их человеческий образ»

Алиби Джангильдин

Амангельды Удербайулы Иманов- одна из наиболее известных исторических фигур Казахстана начала XX века. Его имя связано прежде всего с Тургайским очагом национально-освободительного восстания 1916 года. Однако значение этой личности выходит далеко за пределы политической и военной истории.

На протяжении XX века образ Амангельды формировался в литературе, живописи, скульптуре, театре, кинематографе, музыке и народном фольклоре. В результате реальная историческая фигура постепенно превратилась в многослойный художественный образ, в котором соединились представления о героизме, народном единстве, мужестве и исторической памяти.

Актуальность изучения данной темы заключается в том, что художественный образ исторической личности позволяет понять не только то, каким представляли самого Амангельды Иманова, но и то, какие ценности разные поколения связывали с его именем.

Образ Амангельды Иманова начал активно формироваться в советский период. При этом первоначальные художественные интерпретации создавались в условиях недостаточной изученности событий 1916–1919 годов. Казахский писатель Габит Мусрепов позднее отмечал сложность художественного осмысления движения 1916–1919 годов: писателям необходимо было одновременно понять историческую специфику этого периода и особенности личности самого Амангельды. Это важное обстоятельство позволяет говорить о двух уровнях образа: первый - исторический Амангельды, существовавший в конкретных обстоятельствах своего времени; второй - художественный Амангельды, создававшийся писателями, художниками, режиссёрами и скульпторами. Именно взаимодействие этих двух уровней определило дальнейшую судьбу образа. Литературный образ Амангельды формировался одновременно с развитием народной памяти о событиях 1916 года.

В казахской литературе и устном народном творчестве он предстает прежде всего как батыр - защитник народа и военный предводитель. В произведениях, посвящённых Амангельды, особое значение приобретают мотивы народного единства, мужества и борьбы.

Одним из направлений стало создание произведений, непосредственно посвящённых герою. Среди них известны поэмы Нурхана Ахметбекова «Амангельды» и «Жасауыл қырғыны», а также другие литературные

произведения, в которых исторические события осмысляются через художественный образ батыра.

Особенность литературного образа заключается в том, что Амангельды изображается не только как конкретный исторический деятель. Он становится носителем коллективной памяти, своеобразным символом человека, который действует от имени своего народа.

Таким образом, литература способствует переходу от биографического портрета к обобщённому образу героя.

Особенно значительное место образ Амангельды занимает в изобразительном искусстве Казахстана.

Одним из наиболее известных художников, обращавшихся к этой теме, был Абильхан Кастеев. Он создал несколько произведений, посвящённых Амангельды Иманову. Среди них - портрет Амангельды и картины, связанные с событиями восстания.

Особое значение имеет портрет Амангельды, созданный Кастеевым. По свидетельствам современников, художник стремился максимально приблизиться к реальному облику героя, опираясь на воспоминания людей, которые знали Амангельды. Исследователи отмечают, что фотографии Амангельды неизвестны, поэтому именно художественные реконструкции во многом сформировали визуальное представление о его внешности.

Это чрезвычайно интересный феномен: искусство в данном случае не просто изображает исторического человека - оно фактически сохраняет его визуальную память для последующих поколений.

Важную роль сыграл и батальный жанр. В 1941 году Кастеев создал картину «Тургайский поход», а в 1970 году - «Сарбазы Амангельды». В этих произведениях внимание переносится с индивидуального портрета на коллективный образ воинов. Амангельды оказывается частью более масштабной композиции - он представлен как лидер, объединяющий своих сарбазов. Другой важной фигурой стал Нагим-Бек Нурмухаммедов. Он создал произведения

«Атака Амангельды» (1951), «Конный портрет Амангельды» (1952) и «Амангельды Иманов в бою» (1973).

Особого внимания заслуживает творчество Канафии Тельжанова. Его произведение «Красная конница Амангельды» 1953 года стало дипломной работой художника. В композиции большое значение имеют пространство степи, движение конницы и коллективный образ сарбазов. Таким образом, в живописи можно выделить несколько основных характеристик образа Амангельды: мужество, воинская решительность, лидерство, связь с народом, единство человека и степного пространства.

Не менее значимым стало воплощение образа героя в монументальной скульптуре. В 1950 году в Алма-Ате была установлена бронзовая конная статуя Амангельды Иманова. Авторами стали скульптор Хасбулат Аскар-Сарыджа и архитекторы Толеу Басенов и А. Усачёв. Конный монумент имеет особую художественную выразительность. Лошадь и всадник образуют единое динамическое целое. Такая композиция соответствует традиционному представлению о батыре как о воине-всаднике.

Важен и сам масштаб памятника: историческая личность переносится из пространства прошлого в современное городское пространство. Тем самым искусство выполняет функцию материализации исторической памяти. Сохранился также памятник на могиле Амангельды Иманова в селе Амангельды Костанайской области. Он был установлен в 1960 году; автором стал известный казахстанский скульптор Хакимжан Наурызбаев.

Особое место в истории художественного осмысления Амангельды занимает кино. В 1938 году был создан художественный фильм «Амангельды». Режиссёром выступил Моисей Левин, а в создании сценария принимали участие представители казахстанской литературы, в том числе Беимбет Майлин и Габит Мусрепов. Главную роль исполнил актёр Елубай Умурзаков. Фильм стал одним из важнейших произведений раннего профессионального кинематографа Казахстана. Образ Амангельды получил здесь новое измерение: если живопись фиксировала его внешний облик, а литература раскрывала его через слово, то

кино создало движущийся, действующий образ героя. Актёр Елубай Умурзаков сыграл значительную роль в закреплении экранного образа Амангельды. Через его исполнение зритель воспринимал героя как человека действия — лидера, способного вести за собой людей.

При этом необходимо учитывать исторический контекст создания фильма. Современные исследователи обращают внимание на то, что советская культурная политика существенно влияла на формирование образа Амангельды, а интерпретация его личности со временем менялась в зависимости от идеологических условий.

Поэтому сегодня фильм представляет интерес сразу в двух отношениях: как художественное произведение и как исторический источник, показывающий, каким образом в определённую эпоху конструировался образ национального героя.

Если сопоставить различные произведения искусства, можно увидеть определённую эволюцию образа Амангельды. На первом этапе преобладает образ героя-воина. На втором этапе усиливается образ народного предводителя, связанного с коллективом и идеей народного единства.

В советской культуре появляется также образ героя революционной эпохи, что было связано с официальной исторической интерпретацией событий.

Современное осмысление позволяет рассматривать эти художественные версии более критически — как произведения, созданные в конкретных исторических и культурных обстоятельствах.

Таким образом, образ Амангельды Иманова нельзя рассматривать как неизменный. Он трансформировался вместе с обществом и культурой.

Сегодня интерес к образу Амангельды Иманова связан не только с историей восстания 1916 года. Его художественное наследие позволяет поставить более широкий вопрос: как общество сохраняет память о прошлом и каким образом историческая личность становится частью национальной культуры?

Литература создаёт словесный образ. Живопись формирует визуальную память. Кино делает героя частью массовой культуры. Скульптура переносит исторический образ в общественное пространство. Фольклор обеспечивает передачу памяти между поколениями. В результате возникает сложный культурный феномен, в котором историческая личность существует одновременно как предмет научного исследования и как художественный символ.

Таким образом, образ Амангельды Иманова занимает особое место в истории искусства Казахстана XX века. Он получил воплощение в литературе, фольклоре, живописи, скульптуре, театре и кинематографе. Художники и писатели обращались к нему в разные исторические периоды, поэтому созданные ими образы отражают не только личность самого Амангельды, но и представления соответствующих эпох о героизме, народе, свободе и исторической памяти. Особенно важно, что визуальный образ Амангельды во многом был сформирован искусством: поскольку достоверная фотография героя неизвестна, портреты художников стали основой его современного визуального восприятия. При этом современные исследования показывают необходимость различать исторического Амангельды и его последующие культурные интерпретации. Советская эпоха сформировала определённую модель его образа, которая сегодня может рассматриваться как часть истории культуры и одновременно как предмет научного анализа. Именно поэтому изучение Амангельды Иманова в искусстве важно не только для истории Казахстана. Оно позволяет увидеть универсальный процесс превращения исторической личности в культурный символ.

Список использованных источников

1. Мусрепов Г. *Черты эпохи: статьи и речи*. Алма-Ата, 1986. Материал об образе Амангельды Иманова в литературе и искусстве.
2. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. «Образ Амангельды Иманова отражен в изобразительном искусстве» // *Вечерний Алматы*, 2023.

3. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Материалы об Амангельды Иманове и историографии его образа.
4. Zhaneken A. *Born to Be Soviet: Amangeldy Imanov's Life After Death Through the Prism of the Soviet Nationalities Policy*. 2023.
5. Государственный музей искусств Республики Казахстан им. А. Кастеева. *Образы независимости. Искусство суверенного Казахстана*.
6. Национальный туристский портал Казахстана. Материалы о памятнике на могиле Амангельды Иманова.

«Амангелді» пьесасындағы тарихи тұлғаның көркемдік бейнесі және авторлық таным

Байболат Сетергүл, Жұмабай Дарын
Кусаинова Алмагуль Турмагамбетовна
Көкшетау жоғары медициналық колледжі

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінде халық тарихында ерекше орны бар тұлғаларды көркем шығарма арқылы бейнелеу дәстүрі қалыптасқан. Тарихи тұлғаны әдебиетке енгізу – жазушыдан тек тарихи деректі білуді ғана емес, сол тұлғаның адамдық болмысын, мінезін, дүниетанымын және қоғаммен байланысын көркем түрде аша білуді талап ететін күрделі шығармашылық міндет.

Амангелді Иманов – қазақ халқының тарихи жадында сақталған көрнекті тұлғалардың бірі. Оның есімі ел тағдырымен байланысты тарихи оқиғалармен қатар аталады. Әдебиетші үшін маңызды мәселе – жазушының тарихи адамды қандай көркемдік тәсілдер арқылы әдеби кейіпкерге айналдырғанын анықтау.

Осы мәселеге байланысты Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтің бірлесіп жазған «Амангелді» пьесасының орны ерекше. Пьеса тарихи оқиғаларға негізделгенімен, оның басты құндылығы – сол тарихи материалдың көркемдік тұрғыдан өңделуінде.

Майлин шығармаларында қарапайым халықтың өмірі, ауыл адамдарының мінезі, әлеуметтік мәселелер мен адам психологиясы шынайы суреттелсе, Мүсірепов шығармашылығында көркем тілдің нақтылығы, кейіпкер мінезін даралау және драмалық құрылымға мән беру байқалады.

Осы екі қаламгердің шығармашылық мүмкіндіктерінің тоғысуы «Амангелді» пьесасының көркемдік сипатын қалыптастырған. Шығарма XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетінде тарихи оқиғаларға көркемдік тұрғыдан назар аударудың күшейген кезеңінде дүниеге келді.

1. Шығарманың ерекшелігі – авторлардың тарихи материалды жай ғана баяндап қоймай, оны драмалық шығарма табиғатына бейімдеуінде. Драма жанрында автор оқиғаны ұзақ баяндап бермейді .

Оның орнына кейіпкерлердің әрекеті, сөзі, қарым-қатынасы мен тартысы арқылы оқиға дамиды. Сондықтан «Амангелді» пьесасында тарихи материал көркем әрекетке айналады. Яғни негізгі міндет – оқырманға белгілі бір оқиғаны айтып беру емес, сол оқиға аясында адам мінезін ашу.

2. Бейімбет майлин мен ғабит мүсіреповтің шығармашылық байланысы

«Амангелді» пьесасының көркемдік ерекшелігін түсіну үшін оның авторлары – Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық тұлғасына назар аудару қажет. Бұл екі қаламгер қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар жазушылар

Бейімбет Майлин шығармашылығында қарапайым халықтың өмірі ерекше орын алады. Ол ауыл адамдарының күнделікті тіршілігін, мінез-құлқын, әлеуметтік жағдайын шынайы әрі табиғи тілмен бейнелей білді.

Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық ерекшелігі де кейіпкер табиғатын терең ашумен байланысты. Оның прозасы мен драматургиясында көркем сөздің дәлдігіне, кейіпкер психологиясына, композициялық құрылымға және драмалық тартысқа ерекше мән беріледі.

Екі автордың бірлескен еңбегі арқылы тарихи материал әдеби шығармаға айналады. Олар Амангелді туралы деректерді дайын күйінде ұсынбай, сол

деректердің ішінен көркем шығармаға қажетті тұстарды таңдайды. Кейіпкердің батылдығы, шешімділігі, жауапкершілігі сияқты қасиеттері оның әрекеті мен сөзі арқылы беріледі.

3. Пьесаның тақырыбы мен идеялық-көркемдік сипаты

«Амангелді» пьесасының негізгі тақырыбы – тарихи кезеңдегі халық тағдыры және сол кезеңдегі Амангелді тұлғасының қалыптасуы.

Пьесада адам мен қоғам, жеке тұлға мен халық, жауапкершілік пен таңдау сияқты мәселелер көрініс табады.

Сонымен бірге шығармадағы идея тек бір тарихи кезеңмен шектелмейді. Батылдық, елге қызмет ету, жауапкершілік және адамдық қасиет сияқты ұғымдар кез келген дәуір үшін маңызды.

4. Амангелді бейнесінің көркемдік жасалуы

Пьесаның басты көркемдік жетістіктерінің бірі – Амангелді бейнесінің жасалуында. Амангелді пьесада ең алдымен батыл, қайсар және шешімді тұлға ретінде көрінеді. Кейіпкердің көркемдік ерекшелігі оның жауапкершілігінен, халықпен байланысынан және қиын жағдайда шешім қабылдай білуінен байқалады. Осы арқылы ол ұйымдастырушы, жауапкершілігі мол тұлға ретінде танылады.

Ол – жазушылардың тарихи тұлғаны өздерінің көркемдік танымы арқылы қайта жасауының нәтижесі.

5. Кейіпкерлер жүйесі және олардың көркемдік қызметі

Пьесада кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас тарихи оқиғаның әлеуметтік ауқымын да сезіндіреді. Амангелдінің тұлғасы жеке адамның тағдырынан кеңірек мағына алады. Осы тұрғыдан қарағанда, пьесадағы кейіпкерлерді тек оқиғаны алға жылжытатын адамдар ретінде емес, Амангелді образын толықтыратын көркемдік жүйе ретінде бағалау керек.

6. Қорытынды

«Амангелді» пьесасының қазақ әдебиетіндегі орны

Пьесадағы кейіпкер мен халық арасындағы байланыс, драмалық тартыс және көркем тіл шығарманың идеялық мазмұнын тереңдетеді. Сондықтан

«Амангелді» пьесасын тек тарихи тақырыптағы шығарма емес, тарих пен әдебиеттің тоғысқан көркем туындысы ретінде қарастыруға болады.

«Амангелді» пьесасының қазақ мәдениетіндегі орны оның әдебиетпен ғана шектелмейді. Шығарма кейін кино өнерімен де байланысып, Амангелді бейнесінің кең аудиторияға таралуына ықпал етті.

Осылайша Амангелді бейнесі әдебиеттен киноға өтіп, қазақ мәдениетінде кеңінен танылған көркем тұлғаға айналды. Бұл тарихи тұлғаның көркем образ ретінде өміршеңдігін көрсетеді.

Әдебиет тұрғысынан алғанда, «Амангелді» пьесасының маңызы – тарихи материалды көркем шығармаға айналдыруында. Шығарманың құндылығы бүгінгі күнде де сақталады. Себебі пьесада көтерілген батылдық, жауапкершілік, елге қызмет ету, адамдық ұстаным сияқты мәселелер белгілі бір тарихи кезеңмен ғана шектелмейді.

Тарихи тұлға және көркем бейне: «Қызыл жалау» мен «Заманақыр» романдарындағы Амангелді Иманов

Сатбек Ақниет

Кусаинова Алмагуль Турмагамбетовна

Көкшетау жоғары медициналық колледжі

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғалар бейнесі – ұлттық сананың көркемдік айнасы. XX ғасыр прозасында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшысы Амангелді Иманов бейнесі Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Н.Ахметбеков, М.Жұмағұлов, Қ.Сәрсекеев сынды жазушылардың шығармаларында көрініс тапты. Осы тұрғыдан Қ.Сәрсекеевтің «Қызыл жалау» (1979) және «Заманақыр» (1990) романдары ерекше зерттеу нысаны болып табылады, өйткені екі шығарма бір тұлғаны екі түрлі идеялық-эстетикалық тұрғыдан суреттеп, автор дүниетанымының эволюциясын көрсетеді. Баяндаманың мақсаты – Амангелді

бейнесінің екі романдағы көркемдік шешімін салыстырмалы талдау. Тақырыптың өзектілігі – бұл екі роман әлі күнге дейін жеке салыстырмалы зерттеу нысаны болмаған..

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. Романдардың жазылу тарихы мен атау эволюциясы

Қоғабай Сәрсекеев Амангелді тақырыбына ұзақ жылдар бойы оралды. Алғашқы роман 1979 жылы «Шырғалаң» деген атпен шығып, кейін «Қызыл жалау» болып өзгертілді. 1983 жылы екінші кітабы «Тығырық» деген атпен жарияланды. Кейінірек автор романды қайта өңдеп, «Заманақыр» деген атпен шығарды. Бұл атау ұлттық трагедияны, бір дәуірдің аяқталуын философиялық тұрғыдан білдіреді. Сәрсекеев «Зар заман» дәстүрін жалғастырып, Амангелді бейнесін ұлттық трагедия символы деңгейіне көтереді. Екі роман арасындағы уақыт аралығы автор дүниетанымының эволюциясын көрсетеді: 1979 жылғы кеңестік идеологиядан 1990 жылғы ұлттық сана жаңғыруына дейін

2. «Қызыл жалау» романы: батырлықтың эпикалық бастауы

Роман 1880–1905 жылдардағы Торғай даласындағы тарихи оқиғаларға негізделген. Шығармада патшалық отарлау кезіндегі қазақ даласының ауыр халі, бақастық пен әділетсіздік суреттеледі. Амангелді – қалыптасып келе жатқан батыр, халық қаһарманы әрі әділдік жолындағы күрескер ретінде эпикалық тұрғыдан бейнеленеді. Романның негізгі конфликтісі – «қара халық» пен «би-болыстар», патша өкіметі арасындағы қайшылық. Автор объективті баяндау стилін ұстанып, тарихи деректілік пен көркемдік шеберлікті ұштастырады.

3. Кейіпкер бейнесінің жаңаша сипаты

«Заманақырдағы» Амангелді – тек жеңімпаз ғана емес, өз заманының құрбаны, трагедияға душар болған тұлға. Мұнда автор батырлықтың қарама-қайшылықтарын ашады: Амангелді кейде күмәнданады, кейде арман мен шындық арасындағы алшақтықты сезінеді. Бейне психологиялық тереңдікке ие

болып, кейіпкердің ішкі жан-дүниесі, оның күрестегі орны, тағдырдың жазуымен бетпе-бет келуі суреттеледі.

Роман соңындағы жыр жолдары бұл трагедиялық әуенді айшықтайды:

Мен өлсем, қош болып тұр қайран халқым,

Болғанмен артым – тұман, алдым – жарқын.

Бұл сатыда Амангелді – ұлттық трагедияның символы, арман үшін құрбан болған тұлға. Автор бейнені трагедиялық әуенмен суреттей отырып, заманның қайшылығын, ұлттық қасіретті философиялық тұрғыдан пайымдайды.

4. Идеялық деңгейдегі айырмашылықтар

«Қызыл жалау» (1979):

• Идеялық негізі – әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес, революциялық рух.

• Кейіпкер бейнесі – халық қаһарманы, батыр, көсем.

• Авторлық модальдық – объективті баяндау.

«Заманақыр» (1990):

• Идеялық негізі – ұлттық трагедия, тағдыр, тәуелсіздік мұраты.

• Кейіпкер бейнесі – трагедиялық тұлға, арман құрбаны, заманның перзенті.

• Авторлық модальдық – субъективті-эмоционалды пайымдау.

5. Зерттеу нәтижелері

Салыстырмалы талдау қорытындылары:

1. «Қызыл жалау» романында Амангелді батырлық-эпикалық сипатта, ал «Заманақыр» романында философиялық-психологиялық тереңдікте суреттеледі.

2. Екі роман арасындағы идеялық-стильдік айырмашылықтар автор дүниетанымының өзгеруін көрсетеді.

3. «Заманақыр» қазақ тарихи романының эволюциясында маңызды орын алып, тарихи тұлға бейнесін кеңестік идеологиялық шеңберден арылтып, ұлттық сананың жаңғыруына қызмет етті.

4. Сәрсекеевтің екі романы – біртуар тұлғаның көркемдік биографиясы әрі қазақ прозасының көрнекті жетістігі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғабай Сәрсекеевтің «Қызыл жалау» және «Заманақыр» романдары – Амангелді Иманов бейнесінің екі көркемдік болмысы. Біріншісі – батырлықтың эпикалық жырлануы, екіншісі – трагедияның философиялық толғанысы. Бұл екі шығарма бір-бірін толықтыра отырып, оқырманға Амангелді тұлғасының толықтай, қарама-қайшылықтарымен, армандары мен күйзелістерімен, ерлігі мен трагедиясымен танысуға мүмкіндік береді.

«Заманақыр» романы – қазақ тарихи прозасындағы жаңа саты. Мұнда тарихи тұлға бейнесі идеологиялық шеңберден арылып, ұлттық мүдде мен тәуелсіздік идеясын көркемдік тұрғыдан пайымдауға жол ашты. Сәрсекеевтің қос романы – қазақ әдебиетінің алтын қорына енген туынды, әрі болашақ зерттеулерге мол материал.

1916 жылғы көтеріліс көркем шығармаларда

Жакенова Томирис

Сарсенбаева Жанар Касымовна

Көкшетау жоғары медициналық колледжі

Кіріспе

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс — қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы тарихының ең қасіретті әрі даңқты беттерінің бірі болып табылады. Ресей империясының отарлық саясатына, соның ішінде 1916 жылғы маусымдағы «бұратана халықтарды» тыл жұмыстарына алу туралы жарлығына қарсы бағытталған бұл көтеріліс халықтың азаттық рухын оятты.

Тарихи оқиғалардың прагматикалық сипаты уақыт өте келе мұрағат деректерінде хатталса, оның ішкі трагедиясы, адам жанының күйзелісі мен ұлттық намыс коды көркем әдебиетте мәңгілікке таңбаланды. 1916 жылғы оқиғаларды көркем сөз құдіретімен жеткізу — бүгінгі қоғамның тарихи санасын жаңғыртудың ең маңызды құралы екені даусыз.

Негізгі бөлім

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы отарлау саясатының зардаптарын алғаш болып дөп басқан — Зарзаман ағымының өкілдері еді. Олардың шығармаларындағы елдің болашағына деген алаңдаушылық пен жерден, тілден айырылу сарыны 1916 жылғы жарылыстың рухани алғышарттары іспеттес болды.

Патшаның маусым жарлығы шыққан сәтте-ақ халық поэзиясы — «Маусым жарлығы», «Тың жұмысы», «Амангелді батыр» сияқты тарихи жырлар мен өлеңдер арқылы бірден үн қатты. Халық ақындары отаршыл жүйенің әділетсіздігін, ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікті ашына жырлады. Бұл туындылар — таза құжаттық сипатқа ие, халықтың мұңы мен ызасын білдірген алғашқы көркемдік реакция болатын.

1916 жылғы көтерілістің эпикалық масштабтағы қасіреті мен әлеуметтік-психологиялық астарын ашқан шоқтығы биік туынды — Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесі. Жазушы бұл шығармасында Жетісу өңіріндегі, нақтырақ айтқанда Албан еліндегі көтерілістің шығу себептерін, ел ағаларының батырлық бейнесін шебер суреттейді. Әуезов патша ұлықтары мен жергілікті болыс-қосшылардың халықты қалай қанағанын, елдің шыдамының шегіне жеткенін психологиялық тұрғыдан дәл көрсетеді.

Повесте халықтың туған жерін тастап, Қытай асқан босқындық зары, «үркіншілік» кезеңі асқан суреткерлікпен сипатталады. «Қилы заман» — тек бір аймақтың ғана емес, бүкіл Орта Азия мен Қазақстан халықтарының отаршылдыққа қарсы ортақ қасіретінің символына айналды.

Шығармада нақты тарихи оқиғалар көркемдік тұрғыдан бейнеленіп, отарлық езгі, халықтың азаттыққа ұмтылысы, ел ішіндегі алауыздық, жазалаушы әскердің зорлығы және босқындық қасіреті кең көрсетіледі. Зерттеулерде шығарманың тарихи негізі 1916 жылғы Жетісу Албандары көтерілісінің оқиғалары екені көрсетіледі.

1. Көтерілістің негізгі себептері

Шығармадағы көтерілісті түсіну үшін оның тарихи себептерін бірнеше топқа бөлуге болады.

• **Отарлық езгінің күшеюі.** Патша өкіметінің Қазақстандағы әкімшілік және жер саясаты жергілікті халықтың дәстүрлі өміріне үлкен қысым жасады.

• **Жер мәселесі.** Қазақтардың шұрайлы жайылымдары мен егістік жерлерінің бір бөлігі қоныстанушылар қорына алынып, халықтың жер тапшылығын сезінуі күшейді.

• **Әлеуметтік-экономикалық ауыртпалық.** Бірінші дүниежүзілік соғыс халықтың тұрмысын нашарлатып, салықтар мен түрлі міндеткерліктердің ауырлығын арттырды.

• **Патша әкімшілігінің озбырлығы.** Жергілікті басқарушылардың әділетсіздігі мен парақорлығы халық наразылығын күшейтті.

• **1916 жылғы 25 маусымдағы жарлық.** Патша өкіметі Қазақстан мен Орта Азиядағы 19–43 жас аралығындағы ер адамдарды майданның қара жұмысына алу туралы жарлық шығарды. Бұл бұрыннан қордаланған наразылықты ашық қарсылыққа айналдырған негізгі түрткі болды.

• Яғни көтерілістің себебін **тек 25 маусымдағы жарлықпен шектеуге болмайды**. Жарлық — ұзақ жылдар бойы жиналған жер, отарлық басқару, әлеуметтік және ұлттық қысымның үстіне түскен соңғы түрткі болды.

2. Халықтың қарсылығы

«Қилы заманда» халықтың наразылығы бірден ұйымдасқан соғыс түрінде басталмайды. Алдымен ел ішінде **үрей, ашу, кеңес, дау-дамай** пайда болады.
Ер азаматтарды тыл жұмысына алу туралы хабар елге жеткен кезде халық бұл жарлықтың салдарын ауыр қабылдайды. Өйткені қарапайым халық үшін бұл тек жұмысқа бару емес, туған жерінен айырылу, отбасының асыраушысынан айырылу және соғыс жағдайындағы белгісіз қауіпке ұшырау еді.

Тарихи деректерде де жарлықтан кейін Қазақстанның көптеген аймақтарында стихиялық наразылықтар басталып, олардың бір бөлігі қарулы көтеріліске ұласқаны көрсетіледі.

Шығармадағы халық қарсылығының маңызды ерекшелігі — **қарапайым халықтың тарихи жағдайды өз тәжірибесі арқылы сезінуі**. Ел билеушілері

мен қара халықтың, патша әкімшілігі мен жергілікті жұрттың арасындағы қайшылықтар біртіндеп шиеленісе түседі.

3. Ел басына түскен қасірет

Шығарманың ең ауыр тақырыбы — көтерілістің өзі ғана емес, **оның халық тағдырына әкелген қасіреті**.

Көтерілісшілердің қаруы мен әскери мүмкіндігі патша әскеріне қарағанда әлсіз болды. Тарихи деректер көтерілістің жеңілу себептерінің қатарында ұйымшылдықтың әлсіздігін, бірыңғай басшылықтың болмауын және қару-жарақтың жеткіліксіздігін атайды.

Жазалаушы әскердің әрекеті бейбіт ауылдарға да ауыр зардап әкелді. Малдың айдалуы, ауылдардың босуы, адамдардың қырылуы халықты **аштыққа, жоқшылыққа және босқындыққа** ұшыратты.

Осы жерде шығарма атауының өзі — **«Қилы заман»** — терең мағынаға ие. Бұл жай ғана қиын кезең емес, халықтың бұрынғы қалыпты өмірінің күйреп, оның алдына «қалу немесе босу», «қарсыласу немесе бағыну» сияқты өмірлік таңдау қойылған тарихи кезең.

Әдебиеттануда шығармадағы басты мәселелердің бірі ретінде халықтың туған жерінде қалу мен босып кету арасындағы трагедиялық таңдауы атап көрсетіледі.

4. Тарихи тұлғалардың әрекеті

Шығармада тарихи тұлғалар халық басына түскен қиын кезеңдегі әртүрлі ұстанымдарды танытады.Жәмеңке Мәмбетов

Жәмеңке Мәмбетов — Қарқара өңіріндегі халық арасындағы беделді тұлғалардың бірі. Ол елдің сөзін сөйлеп, халықтың мүддесін қорғауға тырысады. Оның бейнесі арқылы Әуезов **ел ақсақалының жауапкершілігін**, халық тағдырына алаңдаған азаматтың позициясын көрсетеді. Жәмеңкенің әрекеті жеке басының қамынан гөрі елдің тағдырымен байланысты.

Ұзақ Саурықов

Ұзақ Саурықов та көтеріліс жетекшілерінің бірі ретінде көрінеді. Ол халықтың қарсылығын ұйымдастыруға қатысып, елдің намысын қорғауға ұмтылады.

Жәмеңке мен Ұзақтың бейнелері арқылы шығармада халықтың ішінен шыққан басшылардың тарихи жағдайдың қысымымен қалай әрекет еткені көрсетіледі.

Тарихи деректерде Жәмеңке Мәмбетов пен Ұзақ Саурықов 1916 жылғы Жетісу көтерілісінің танымал басшыларының қатарында аталады.

Ел ішіндегі билеушілер

Әуезов тек көтерілісшілерді ғана көрсетпейді. Ел ішіндегі әртүрлі әлеуметтік топтардың ұстанымдарын да береді.

Бір жағында — **халықтың қарсылығын қолдағандар**, екінші жағында — патша өкіметімен ымыраға келуге немесе өз пайдасын қорғауға тырысқан адамдар бар.

Бұл тарихи шындықпен де байланысты. 1916 жылы қазақ қоғамында көтеріліске қатысты пікір біркелкі болған жоқ: кейбір жергілікті билеушілер патша жарлығын орындауға әрекет етсе, басқа азаматтар қарулы қарсылыққа шықты.

5. Халық пен билік арасындағы қайшылық

Шығармадағы негізгі тартыстың бірі:

халықтың еркіндікке ұмтылысы ↔ патша өкіметінің отарлық билігі.

